

KUN TARTIBI

НӘУБЕТ ҚҰРБАНДАРЫН
ЕСКЕ АЛДЫ

3-бет

AINA

БІЛІМ –
БАСТЫ БАҒДАР

4-бет

TANUM

«АЛТЫН СҰҢҚАР»
ОН БЕСІНШІ МӘРТЕ
ТАПСЫРЫЛАДЫ

5-бет

R'YHANIAT

ИСЛАМ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ МІНЕЗ

6-бет

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ТӨБЕМДЕ – КӨК ТУЫМ, ТӨРІМДЕ – ЕЛТАҢБАМ, ЖҮРЕКТЕ – ӘНҰРАН

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30
ЖЫЛ

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылғы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Осыдан 24 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері Ақмолага жеткізілді.

► 3-бетте



*Құрметті
жезқазғандықтар
және қала қонақтары!*

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік Елтаңба, Ту, Гимн – Егемен Қазақстанның ажырамас атрибуты ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе берілген. Мемлекеттік рәміздер – әр азамат үшін зор мақтанш және оларды қастерлеу – қасиетті борыш. Сол арқылы біз халқымызға, тарихымызға, салт-дәстүрлерімізге құрмет көрсетеміз.

Мемлекеттік рәміздер – тек көркем образ ғана емес, Тәуелсіз мемлекет құру идеясының жаршысы. Олар осы ізгі сезімді адамдардың жан дүниесіне сіңіріп, ақыл-ойын дамытуға қызмет етеді.

Желбіреген көк Туымыз – бірліктің белгісі, Елтаңбамыз – ел тарихы, ел ойы, Әнұран – жүрекке жігер мен қайрат берер халқымыздың абыройы мен бостандығы.

Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған Мемлекеттік рәміздер болашаққа бет түзген ұлы көшімізді демең, игі істерімізді қолдасын!


Әрқайсымыз елді біріктіретін қасиетті күшке ие Көк байрағымыздың, Елтаңбамыз бен Әнұранымыздың мәртебесіне қашанда лайық болайық!

Жезқазған қаласының
әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ
Жезқазған қалалық мәслихатының
хатшысы Әбдірахман ДОСАНОВ

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ИЗРАИЛЬ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Жезқазған қаласының әкімі
Қайрат Әбсағдатов Израильдің
Қазақстан Республикасындағы Төтенше және
Өкілетті елшісі Лиат Вексельманмен
кездесті.



Екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, экономикалық қарым-қатынасты жақсартуды мақсат еткен кездесуде агроөнеркәсіп, медицина мен инновацияны, табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруды дамытудың перспективалары кеңінен талқыланды.

– Өздеріңіз білетіндей, жері шөлейт Израиль қазіргі таңда жасыл оазиске айналған. Біздің елде мал мен өсімдік шаруашылығы өркендеп, өнімді өндірумен қатар өңдеу де жолға қойылған. Израильдік өндірушілер экспортқа жұмыс жасап жатыр. Медицина, IT технология мен суды тазалау мен пайдаланудың баламалы түрлері бойынша да еліміз алдыңғы қатарда, – деген елші Қазақстанға инвестиция құюға ниетті инвесторлардың саны артып отырғанын жасырмады. Қазірдің өзінде Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстары мен Павлодар, Қостанай қаласында сәтті жүзеге асқан инвестициялық жобалар бар көрінеді. Жоғарыда аталған салаларды дамыту бойынша тәжірибе алмасуға ашық екенін жеткізген елшіге қала басшысы мысты өлкенің бүгінгі тыныс-тіршілігін таныстырып, өз ұсыныстарын жеткізді.

► 3-бетте

ЖАҢА СПОРТ АКАДЕМИЯСЫ ҒИМАРАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күнінде жезқазғандық өрендерге «CK Namys» қоғамдық қоры тамаша тарту жасады. Атап айтқанда, «CK Namys» спорттық-сауықтыру кешені жанынан «Workout» тренажерлер алаңы ашылып, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт академиясының алғашқы кірпіші қаланды.

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсағдатовтың қатысуымен өткен салтанатты шарада спорт нысанының шәкірттері мен жаттықтырушы-бапкерлері шағын шеберлік-сыныптарын көрсетті. Еліміздің көк байрағын әлемдік аренада тұғырға көтеретін болашақ чемпиондарды тәрбиелеп жатқан Серік Керімбеков бастаған ұжымға алғысын білдірген шаһар басшысы республикалық турнирде жүзден жүйрік шыққан жас боксшылар Санжар Жақсылықты, Санжар Қожухов пен Сұлтан Балмұханбетті марапаттады.


Одан кейін Қайрат Бектайұлы мен Серік Сүйгенбайұлы «Киелі Сарыарқа даласында, мысты өңірде дені сау ұрпақ тәрбиеленуде, аймақта спорт саласының дамуына үлкен үлес қосатын осындай спорт нысандарының қатары көбейе беруіне тілектеспін. Дәл осы спорт академия-

сынан байрақты бәсекелерде топ жарып, еліміздің абыройын асқақтатар, әлемге әйгілі чемпиондар шығатынына сенімдімін!» деген мәтінде болашаққа хат жазылған капсуланы балалар мен жасөспірімдерге арналған «CK NAMYS» спорт академиясының іргетасына бірге қаланды.

2022 жылы құрылысы аяқталатын «CK NAMYS» спорт академиясының ауданы 5 мың шаршы метрді құрамақ. Үш қабатты нысанда спорт залдары, 200 балаға шақталған интернат, асхана мен әкімшілік бөлмелері жасқалады.

Бүгінде «Жастар» сабағының аумағында орналасқан «CK NAMYS» спорттық-сауықтыру кешенінде спорттың 6 түрі бойынша 1000 жас тегін тәрбиеленуде.

Диана ОРАЗАЛИНА



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30
ЖЫЛ

«БОЛАШАҚ – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚТА»

атты үздіктер шеруі өтті

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына арнап Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі, меценат Бекзат Алтынбеков «Болашақ – бақытты ұрпақта» атты үздіктер шеруін ұйымдастырды.

Ашық аспан астында «Кетбұқа» ескерткіші алдында барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілген салтанатты шараның басты кейіпкерлері облысымыздың түпкір-түпкірінен ағылды. Қарағанды облысының

қаласы мен ауданын түгел қамтуды мақсат еткен ұйымдастырушылар білім қуып, спорт пен өнерді серік еткен жас өрендерге лайықты құрмет көрсете білді. Қатарластарынан оқ бойы озғандарды төрге оздырған кездесуде сөз алған қала басшысы Қайрат Әбсағдатов көңілі толықан ұл-қызды жігерлендіре түсірді.

– Мен өз сөзімді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастар туралы сөзімен бастағым келеді. «Сіздер, жастар, – тандану мен құрметтеуге лайықты отандастарымыздың жаңа келбетін қалыптастырып келесіздер. Сіздерге бүкіл әлем ашық. Білімге деген

терең талпыныс сіздерді үнемі алға ұмтылуға итермелейді». Демек, білім мен ғылым салтанат құрған елдің болашағы жарқын болады. Бүгінгі заман біліктілердің, білімділердің, жаңашылдыққа ұмтылғандардың заманы, егерде осы қатардан орын алсаңыздар болашаққа нық қадаммен жол бастайсыздар! Мен сіздерге қызық та жаңа, жарқын дүниелерді біліп тануға деген сарқылмас ізденіс пен құлшынысты тілегім келеді, – деген қала басшысы жастарды қолдау арқылы білім мен ілімге құлшындырған өңірдің атымтайы Бекзат Алтынбековке алғысын жеткізді.

► 8-бетте

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

ULY DALA гипермаркеті «Қазақмыс Холдинг» жұмыскерлеріне «жалақы есебіне» несие алу мүмкіндігі бастау алғанын қуанышымен хабарлайды. Әлемге әйгілі техника өндірушілерден көңіліңіз қалаған цифрлы, тұрмыстық техниканы гипермаркеттен таңдап ала аласыз.



ТАПСЫРЫС ҮСТЕЛІ ҚАМТЫЛҒАН.
300000 тенгеге дейінгі несие рәсімдеу үшін, келесі шарттарды орындау қажет:

1. Өзіңіздің жұмыс орныңыздағы Кәсіподақ ұйымына ULY DALA гипермаркетінен пайызсыз несие алу мақсатында өтініш тапсырып, қолдау алу.
2. Жұмыс орныңыздағы бухгалтерлік бөлімнен соңғы 12 айдағы жалақы есеп анықтамасын алу.

3. ULY DALA гипермаркетінен қалаған тауарды таңдау;
 4. Гипермаркеттегі тіркеу орнына несие рәсімдеуге өтініш беру.
 5. Несие келісім-шартының 1 данасын жұмыс орныңыздағы бухгалтерия бөліміне тапсыру.
- «Қазақмыс» корпорациясында жұмыс істемейтін сатып алушыларға «Хоум КредитБанк» арқылы несие алу мүмкіндігі барын хабарлаймыз.

Аса қамқорлықпен, Сіздің ULY DALA!

SARYARQA-AQPAPAT

«БІЗ – ЕЛ ПАТРИОТЫМЫЗ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТЕДІ

2021 жылғы 4 маусымда сағат 11.00-де Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Біз – ел патриотымыз» халықаралық жастар форумы өтеді.



Форумның ұйымдастырушылары: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы, Нұрсұлтан Назарбаев қоры, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі.

Форумның пленарлық отырысына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ. Көшербаев, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Б.Темірболат, «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Б. Байбек, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Келтінов, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрінің орынбасары С.Егізбаев, Нұрсұлтан Назарбаев қорының атқарушы директорының орынбасары Ә. Марғұланұлы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты М. Ахметов, Шанхай ынтымақтастық ұйымы жастар кеңесі хатшылығының басшысы А. Карпенко, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті А. Қарбозова, «Ресей жастар одағы» жалпыресейлік қоғамдық ұйымының төрағасы П.Красноручий, Қырғыз Республикасы жастар парламентінің жетекшісі Н. Жолдошова, «Беларусь республикалық жастар одағы» қоғамдық бірлестігі орталық комитетінің бірінші хатшысы, Беларусь Республикасы Ұлттық Республика кеңесінің мүшесі Д. Воронюк, сондай-ақ «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары қатысады.

Пленарлық отырыс барысында жастар көшбасшыларына Алматы қаласы мен облыс әкімдерінің онлайн-үндеуі жоспарланған.

Панельдік сессиялар «Open space» форматында өтеді. Басқосуда қазақстандық жас спортшылар, ғалымдар, әртістер мен кәсіпкерлер кәзіргі кезеңдегі жаһандану үдерістерінде жастардың рөлін айқындаудың өзекті мәселелерін талқыламақ. Форум соны қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін концерттік бағдарламаға ұласады.

ЖЕЗҚАЗҒАН-ҚЫЗЫЛОРДА АВТОЖОЛЫ 3,5 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ САЛЫНЫП БІТЕДІ

Биыл Қызылорда мен Жезқазған қалаларын жалғайтын ұзындығы 420 шақырымдық жолдың құрылысы басталады. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов айтты.



Бұл – өте өзекті мәселе. Бүкіл Қызылорда облысының, Қазақстанның оңтүстігін тұрғындары осы жолдың ашылуын күтіп жүр. Жезқазған-Қызылорда жолының ұзындығы 420 шақырымды құрайды. Жобалық барлық құжаты дайын, үйлестіру кенесінен өтті. Қаржыландыру институттарымен қаржыландыру мәселесін келістік. Биыл осы жолдың құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз. Шынымен де, бұл жол Кеңес заманында, 70-шы жылдары салынған. Қызылорда мен Жезқазғанды жалғайтын бұл жол жарамсыз болып қалды десек те артық емес. 3,5 жылдың ішінде жолды салып шығуды көздеп отырмыз. Сол кезде Қызылорданың, Оңтүстік Қазақстанның тұрғындары осы қысқа жолмен жүре алады, – деді министр Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Сонымен қатар ол аталған жолдың әлеуметтік-экономикалық маңызы зор екендігін баса айтты.

Құрылыс жұмыстарын осы жылы бастап кетеміз. Барлығы мақұлданған, – деді Бейбіт Атамқұлов.

ДЕПУТАТ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ЖАРНАМАЛАҒАН ТАНЫМАЛ АДАМДАРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУДЫ ҰСЫНДЫ

Парламент Мәжілісінің жылғы отырысында депутат Юрий Ли қаржы пирамидаларына қатысты Бас прокуратураға сауал жолдады.



Бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі осы қылмыс түріне байланысты жаңа оқиғалар жарияланып келеді. Соңғы үш жылда келтірілген шығын сомасы ондаған миллиард теңгемен есептеледі, – деді Ю. Ли.

Депутаттық сауалда пирамидаларға танымал блогерлер мен вайнерлердің қатысуы мәселесіне де назар аударылды. Бұл тұрғыда ASTEX.KZ ЖШС, ACD technology ЖШС және MUDARABAN Capital ЖШС бойынша соңғы резонансты оқиғалар аталды.

Бұл адамдар (блогерлер мен вайнерлер) қаржы пирамидасының жарнамасына белсенді қатысып, тәуекелсіз инвестициялар деп жоғары табыс уәде етілді. Қазір бұл танымал адамдар өздері де ақша салып, алданып қалғандарын, сондай-ақ қаржы пирамидасы ұйымдастырушылары тарапынан зардап шеккенін айтып жатыр. Дегенмен факті деген бар, жарнама ролітерінде кадрлар сақталған, – деді депутат.

Осы орайда Юрий Ли ASTEX.KZ ЖШС, ACD technology ЖШС және MUDARABAN Capital ЖШС қаржылық пирамидасы жарнамасына қатысқан танымал адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігі жайында сұрады.

Бұдан бұрын хабарланғандай, Алматы полициясы Astex.kz пен ACD Technology қаржы пирамидасынан зардап шеккендерді іздеуде.

Биыл мамыр айының орта кезінде Алматыда ірі қаржы пирамидасын ұйымдастырушы ұсталды.



ҮКІМЕТ

ЭПИДАХУАЛ ЖАҚСАРҒАНЫМЕН, ЕРКІНСУГЕ ӘЛІ ЕРТЕ

Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі санитарлық-эпидемиялық жағдай сөз болды.

Бірінші мәселе бойынша баяндама жасаған Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың айтуынша, бүгінде әлемде КВИ-дің 171 млн-нан астам жағдайы тіркелген, тәулігіне 392 мыңнан астам жағдай есепке алынуға. 3,5 млн-нан астам адам қайтыс болды. Өлім-жітім көрсеткіші – 2,1%. Әлемдік рейтингке сәйкес Қазақстан 221 елдің ішінде сырттанушылық көрсеткіші бойынша 104-орында, ал өлім көрсеткіші бойынша соңғы төрт аптада Қазақстанның позициясы 5 бірлікке жақсарды – 107-орыннан 112-орынға ауысты.

Министр хабарлағандай, Қазақстанда 1 маусымға COVID-19-дың оң нәтижесімен 387 672 науқас және КВИ-дің теріс нәтижесімен 55 263 жағдай тіркелді. Қазақстан Республикасы «сары аймақта» тұр. Жалпы, республикада коронавирус инфекциясын жұқтыру көрсеткіші төмендеп келеді. Соңғы аптада КВИ жағдайларының саны 15 мыңнан 12 мыңға дейін немесе өткен екі аптамен салыстырғанда 21%-ға төмендеді. Соңғы айда сырттану 1,6 есе азайды.

Өңірлер бөлінісінде төсек-орындармен қамтылуға жүргізілген күн сайынғы мониторингке сәйкес биыл 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада инфекциялық төсектік орындармен қамту – 28% (9 984 төсектік орын), реанимациялық төсектік орындармен қамту 24%-ды (777 төсектік орын) құрады. Соңғы 2

аптада ем қабылдап жатқан науқастар санының 12 мыңға азайғаны байқалады.

Халықты КВИ-ге қарсы вакциналау жалғасуда. «Бүгінге дейін вакцинанан 3,2 млн дозасы пайдаланылды, оның бірінші компоненті бойынша 2 131 519 адам егілді, бұл егілуге жоспарланған халықтың 21%-ын құрайды. Екінші компонентпен 1 074 954 адам қамтылды.

– Бүгінде егу пункттерінде вакцинанан саны жеткілікті, бірінші компоненттен 330 мың доза, екінші компоненттен 811 мың доза вакцина бар. Маусым айында КВИ вакцинасының 2 млн-ға жуық қосарлы дозасы жеткізіледі деп күтілуде. CoronaVac вакцинасының 500 мың дозасы алынды. Осылайша, Қазақстанда 4 вакцина қолжетімді болады, – деді ол.

Ashuq жобасын масштабтау бүкіл ел бойынша жүргізіліп жатыр. Жоба қатысушыларының саны 8 мыңнан асты және соңғы екі аптада 2 мыңға өсті. Пайдаланушылардың саны 2 аптада 1,4 млн-нан 2 млн-ға дейін артты. Сонымен қатар Ashuq енгізілгеннен бастап ПТР тестінің оң нәтижесі бар 3 556 науқас және ауруды жұқтырғандармен байланыста болған 3 012 адам анықталды.

– Бұл статистика, екіншіше қарай, кейбір азаматтар үйде оқшалу режимін сақтамайтынын, халық көп жиналатын орындарға баратынын, осылайша

басқа келушілер мен ұшақ жолаушыларына ауру жұқтыру қаупін тудыратынын көрсетіп отыр. Жобаны енгізгеннен оң нәтижесін ескере отырып, «Атамекен» ҰКП-мен бірігіп, жобаның көшбасшыларын мадақтау критерийлері әзірленді, – деді министр.

Мәселені Үкімет басшысы Асқар Мамин қорытындылады. Қазақстанда санитарлық-эпидемиялық жағдайдың жақсарғаны байқалады. COVID-19 сырттану деңгейі 20%-ға, вирустың репродуктивтік индексі 0,86-ға дейін, инфекциялық төсектік орындардың қамтылуы 28 %-ға, реанимациялық төсектік орындар 24 %-ға дейін төмендеді. 3 өңір «қызыл аймақта» тұр: Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстары. «Сары аймақта» 6 өңір: Алматы қаласы, Атырау, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары. Қалған 8 өңір «жасыл аймақта».

Маусым айында вакцинанан бірінші компонентінің 2 млн дозасы мен екінші компоненттің 2 млн дозасы қолжетімді болады. Үкімет басшысы Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктерге маусым айында халықты вакциналау қарқынын едәуір арттыруды тапсырды. Денсаулық сақтау министрлігіне Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, Ashuq мобильді қосымшасының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оның қызмет көрсету секторында қолданылуы одан әрі кеңейту бойынша шаралар қабылдау тапсырылды.

Egemen.kz

САНАҚ – 2021

ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ



1 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық халық санағының дайындық кезеңі басталды. Айдың соңына дейін елді-мекендерде тізім жасалуы қажет. Интервьюерлер тұрғындар санын анықтау үшін аралау жұмыстарын жүргізеді.

Қарағанды облысының статистика департаментінде алты қызметкерден тұратын штаттан тыс бөлім құрылды. Олар ұйымдастырушылық сұрақтармен айналысады және уақытша санақ қызметкерлерінің жұмысын бақылайды.

Облыс әкімдігінде ұлттық санақты өткізуге жәрдемдесу жөніндегі өңірлік комиссия құрылды. Оны облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Бактияр Айшев басқарады. Аталмыш комиссия құрамына облыстық мемлекеттік органдардың басшылары, қалалар мен аудандардың әкімдері кірді.

Өңірдегі дайындық кезеңіне 80 нұсқаушы-бақылаушы және 570 интервьюер тартылады. Санақ жүргізу үшін барлығы 2 600 адам қажет. 24 қыркүйек пен 7 қараша аралығында 240-қа жуық нұсқаушы-бақылаушыны және 1-30 қараша аралығында 1 700 интервьюерді жалдау жоспарлануда.

Қалалар мен аудандарда санақ бойынша 73 уәкіл жұмыс істейтін болады. Олардың міндеттері ауқымды: ақпараттық-түсініді жұмыстарынан бастап, хат жазушылардың қызметін үйлестіруге дейін.

Уақытша санақ жүргізуші қызметкерлер жиналған дербес ақпаратты енгізуге арналған арнайы мобильді қосымшадағы планшетте жұмыс істеуге үйретілді.

Учаскені аралау кезінде интервьюердің өзімен бірге тегі, аты, әкесінің аты, берілген күні және оның қолданылу мерзімі көрсетілген фотосуреті бар куәлігі, халық санағының нышаны, сондай-ақ аумақтық статистика органының қолы мен мөрі болуға міндетті. Бұдан басқа, әрбір интервьюерде халық санағының символикасы бар көк түсті портфель болады.

2021 жылғы ұлттық санақ 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында өтеді. Оның ұраны – «Қазақстанда әркім маңызды!». Санаққа қатысуды дәстүрлі түрде де (яғни ауланы аралау арқылы), сондай-ақ онлайн (интернет арқылы sanaq.gov.kz сайтында ЭЦҚ көмегімен) қабылдауға болады. Қазақстандықтар өздері үшін ыңғайлы әдісті таңдайды.

Мобильді азаматтар үшін Aitu мобильді қосымшасы арқылы ұлттық санақтан өту мүмкіндігі қарастырылған.

Санақ кезінде азаматтар 87 сұраққа жауап беруі керек. 2009 жылғы ұлттық



санақпен салыстырғанда көші-қон, жұмыспен қамту, неке жағдайы, бала туу және тіл менгеру мәселелері кеңейтілді. Сондай-ақ, мүгедектік мәселелеріне назар аударылатын болады.

Санақ өткізу кезеңінде жұмысқа орналасу мәселелері бойынша облыстық статистика департаментіне немесе аумақтық басқармаларға жүгінуге болады. Қызметкерлерді қабылдау туралы толық ақпарат Департаменттің www.stat.gov.kz сайтында, сондай-ақ www.facebook.com/Statistika.

https://www.instagram.com/departament_statistiki_krg/, <https://vk.com/id447738530> мекенжайындағы әлеуметтік желілерде орналастырылған.

Сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар бұрынғы call-орталықтың 1446 нөміріне ұялы және стационарлық телефондардан хабарласа алады. Сондай-ақ, 8 8000 800 878 нөмірі жұмыс жасайды. Call-орталыққа қоңырау шаулау тегін.

Өз тілшіміз

ҚЫСҚА ҚЫЗУ ҚАМДАНЫС

10 250 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілгенін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдаланбаған шаруалармен жұмыс күшейтілгенін жеткізді. Осы ретте қала әкімі бірінші орынбасарына Жезқазған қаласында кенже қалған жерлерді бау-бақшалық мақсатта пайдалану бойынша нақты тапсырмалар берді. Өз кезегінде орынбасары 2020 жылы бау-бақшаға 13 га, биыл 26 га жер жыртылса, келер жылы бұл көрсеткішті 150 га жеткізуге уәде етті.

Мінберге көтерілген Зина Жұманазарқызы Жезқазғанның бүгінгі қоғамдық-саяси жағдайы тұрақты екенін, білім, спорт, мәдениет және денсаулық сақтау нысандары карантин шектеулерін сақтай отырып, штаттық режимде жұмыс жасап тұрғанын жеткізді. Сонымен бірге, халықтың осал тобына арналған мемлекеттік қолдаулар уақыттың көрсетіліп, жұмыссыздықпен күрес жолға қойылған. Коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан вакцина науқанында Жезқазған қаласына Спутник-V вакцинасының I компоненті 12430 дана көлемде жеткізіліп, түгел егілген. 10900 данада әкелінген екпенің II компоненті 7340 адамға салынған. Сонымен бірге қалаға келген 1610 дана Hayat Vax вакцинациясын бүгінде 208 тұрғын екізген. Тамыздың соңына дейін тағы 46 мың жезқазғандық екпе салдыруы керек екенін алға тартқан Зина Ақылбековаға мектептің жылыту маусымына дайындығын, сондай-ақ мекемелер мен кәсіпорындарда мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың талаптарын қадағалау жүктелді.

2021-2022 жылғы жылыту маусымына дайындықтың барысы туралы толығырақ баяндаған тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов жылу электр орталығында биыл 7 қазандық пен 5 турбина ағымдағы және күрделі жөндеуде екенін мәлімдеді.

– Қазіргі таңда жылу электр орталығында №№4, 6, 7, 9 қазандық пен үш турбина жұмыс үстінде. №8, 11 жылу қазандықтарына ағымдық және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, ал №10 қазандықты ауыстыру жұмыстары әлі де жалғасуда, – деген Ержан Жағыпарұлы 2021 жылы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны 17, 8 км жылу желісі құбырын жөндеуден өткізетінін айтты. Бұл мақсатқа 560,6 млн теңге жұмсалмақ. Оның ішінде 824,1 млн теңгеге 8,4 шақырымдық ауызсу құбыры, 141 млн теңгеге 3,1 шақырымдық кәріз желісі құбыры мен 29,7 млн теңгеге 1 км суару желісі жаңартылады.

Жезқазған қаласының әлеуметтік-мәдени нысандары мен 654 көп қабатты тұрғын-үй жылыту маусымына дайындықтың барлық сатыларынан тиісті деңгейде өтуі керек деген талап қойған Қайрат Бектайұлы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны директоры Ахметолла Мырзалыбаев жылу желісін жөндеу кестесіндегі іркілісті орын тоқтырауға тапсырма берді.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚАРАҒАНДЫДА ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қарағандыда Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жүсіпбек Елебеков атындағы дәстүрлі ән орындаушылар байқауының жеңімпаздары анықталды. Ән сайысына Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Ақтобе, Кокшетау, Петропавл, Павлодар, Семей және Қарағанды облыстарынан 36 жас орындаушы қатысты.



Байқау екі кезеңмен өтті. Алдымен қатысушылар Жүсіпбек Елебековтың жинағынан әндер шырақпады. Содан кейін еркін тақырыпта халық композиторларының шығармаларын орындады.

– Биылғы байқаудың ерекшелігі – барлық орындаушылар күрделі және ерекше әндерді таңдады, – дейді қазылар алқасының төрағасы Ғалым Мұхамеддин.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені алматылық әртіс Ақжол Өсербай жеңіп алды. Қарағанды облысының әншісі Нұрболат Ұзақбай бірінші орынды иеленді. Екінші орынды Павлодардан Дәуренбек Сламғали және Алматыдан Қабдел Қастер бөлісті. Үшінші орынды Нұр-Сұлтан қаласынан Айбала Бейсенова, Алуа Қалымова және Айбек Рымғали иеленді.

«Saryarqa-ақпарат»



ТАҒЫМ

НӘУБЕТ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ



Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров бастаған аға буын мен қоғам белсенділері тоталитаризм құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

белсенді азаматтарымен пікір алмасты. Рамазан Құрманбаев кезінде миллиондаған қазақтың көзін жойған жолдан жасалған қырғынды «геноцид» деп бағалау керектігін алға тартып, ескерткіш тақтасында жазылған «қуғын-сүргін құрбандары» қатарына ашаршылық құрбандарын да қосуды сұрады.

Одан әрі тағзым ету «Степлагтың» азабын тартқандарға арналып қойылған ескерткіште жалғасты. Тарихқа үнілсек, 21 мыңнан астам адамды қамап ұстаған лагерде 40-қа жуық ұлттың өкілі бар болған. Олардың 500-ге жуығы ауыр азаптан көз жұмған. Бейбіт заманда тарихын түгендеген халық өкілдері Жезқазғанға келіп, жалған жаламен елінен айдалған ата-бабасына ескерткіш қояды қолға алған. Алғаш болып 1999 жылы тұтқында болған 2 мың отандасына арнап литвалықтар тақта орнатса, кейінгі жылдары бұл үрдісті Россия, Украина елдері жалғасты. Биыл Израиль үн қосыпты. Мысты өлкеге арнайы жеткен Қазақстан Республикасындағы Израиль мемлекетінің Төтенше және Өкілетті елшісі Лиат Вексельман Қайрат Бектайұлымен бірге ескерткішті ашты.

– Халқымыздың тарихында мерей тасыған мәртебелі дәуірлермен қатар, «тар жол тайпақ кешкен» қасіретті кезеңдердің де аз болмағаны ашы да болса, тарихи шындық. Миллиондаған өмірді қиған ашаршылық қасіреттің артына басталған жаппай саяси қуғын-сүргін жылдары да миллиондаған адамға қайғы-қасірет өкелді. Сіз бен біздің, келер ұрпақтың ендігі парызы – бүгінге жетіп отырған құндылықтарымызды бағалай білу, оған жету жолында құрбан болған боздақтардың ерлігін ұмытпау, тоталитарлық озбыр саясат жүргізген қудалаудың салдарынан түрмеге қамалып, артына ату жазасына кесілген қазақтың зиялыларын құрмет тұту» – деді қала әкімі жиында.


Одан әрі қала басшысы ескерткіш басында «Ашаршылық құрбандары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рамазан Құрманбаев бастаған қаланың

– Қазақ халқы қиын-қыстау заманда тағдыр тәлкегімен елінен қуылған біздің ата-бабамызды құшақ жапса алды. Соңғы үзім нымен бөліскеніміз біз, бүгінгі ұрпақ жақсы білеміз. Осы ізгі қасиеттеріңіз үшін Сіздерді құрметтейміз, Сіздерге бас иеміз, – деп ағынан жарылған елшіден кейін сөз кезегін Нұр-Сұлтан қаласының бас раввині Шмоэль Карнаух: «Адамдарды қайғы, кек пен қуаныш біріктіреді. Қайғыны бөлісіп, тілі мен діні бөлек халықтарды бауырына басқан қазақ халқы алдында біз мәңгі қарыздармыз. Еврейлер сан қудалауды бастан кешірді. Бірақ, қазақ көрсеткен қамқорлықты бұрын соңды сезінбеді. Тәуелсіз Қазақстанның жылдан-жылға нығайып, даңқы артып жатқаны қазақтың зұлмат жылдары жасаған жақсылығына Тәңірдің берген сыйы деп білемін. Енді біздер тек қуанышта бірігетін боламыз», – деді.

Бұл күні Ахмет ишан Оразайұлы атындағы қалалық мешіт пен Әулие апостол Андрей Первозванный атындағы шіркеуде ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған діни рәсімдер өтті.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ ИЗРАИЛЬ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ



(Соңы. Басы 1-бетте).

– Жезқазған қаласында су мәселесі өзекті. Білуімізше Израильде суды тұщыландыру технологиясы бар. Сіздің елден су көздерін арттыру мен тіршілік нәрін пайдаланудың мәдениетін менгерсек дейміз. Сонымен бірге бізде мал мен өсімдік шаруашылығы кенжелеп отыр. Шаруа қожалықтары бар болғанмен өнімді өңдеу, бордақылау алаңдары жоқ. Қала тұрғындары тұтынатын ет, сүт өнімдері мен жеміс-жидек сырттан әкелінеді. Аталған мәселелердің оң шешімін табуда сіздермен әріптестік орнатсақ, – деген әкім сөзін жалғаған «Аялы алақан» орталығының директоры мүмкіндігі шектеулі балаларды қатарға қосып, қоғамға бейімдеуде израилдік мамандардан үйренері барын алға тартып, медициналық томатис, фолнокозғалыс тренажері, экзобот аппараттарын алудың мүмкіндіктерін сұрады. Бұл ретте елші:

– Қазақстанның мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы аясында жыл сайын ондаған медицина саласының қызметкері Израильде біліктілігін арттыру курстарына өтеді. Үш айдан бір жылға дейін жалғасатын оқу процесінде олардың білімі мен біліктілігі жоғарылайтынын өздері де айтып жүреді. Ал, медициналық аппараттарға келер болсақ, сіздерге елшіліктің гранттарына қатысуға болады. Біздің елде біліктілікті арттырудың «машаб» атты курстары бар. Оның түлектері елшіліктің грантына ие болып, Ақтобе, Шымкент, Талдықорған, Алматы мен Семей қаласында Аутизм спектріннің бұзылуы бар балалармен жұмыс жасап жатыр. Солардың тәжірибесін ескеріп, біздің мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын, – деді. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда көтерілген тақырыптар бойынша онлайн-вебинарлар өткізуге дайын екенін жеткізді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Жезқазған қалалық филиалының директоры Жүрсінбай Лекеровтің сауда-саттық, жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағытындағы ұсыныстарын да жылы қабылдаған Лиат Вексельман Жезқазған-Ұлытау аймағының тарихи жерлерімен танысқанын алға тартты. Аймақтың туризм әлеуеті зор деп бағалап, сакралды орындарды шетелдік туристерге насихаттауды күшейту қажеттігін айтты.

Ескерік кездесудің соңында өзіне көрсетілген құрметке ризашылығын білдірген Израиль елшісі Қайрат Бектайұлы мен «Қазақтың Кетбұқасы» ҚБ төрағасы Төлеген Бүкірөвке қазақ тілінде жазылған «Инноватор бой» кітабын сыйға тартты.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

1929 жылы Сталиннің нұсқауымен КСРО аумағы бойынша еңбекпен түзеу лагерлерін көбейту мақсатында арнайы жоспар құрылды. Осынау лагерлер эсэинде 1930 жылы 7 сәуірде жаңа жоба бекітіледі. Жоба бойынша концентрациялық лагерлер КСРО Кольмада, Магадана, Воркутада, Сібірде, Оралда және Қазақстанда да құрылды. Солардың ішінде Жезқазған мыс комбинатын салып бітіруді мақсаты еткен Степлаг та бар еді.

1940 жылдың 1 сәуірінен бастап негізгі жұмысына кіріскен дала лагерінде негізінен «халық жауы» деп жазықсыз айыпталғандар, кінәсіз жұмысшылар, колхозшылар, инженерлер, дәрігерлер және НКВД тізімі мен құрылысқа, шахталарға еңбек күші керек болғандықтан қамалған адамдар болды. Кенгір, Қарсақбай, Жезқазған жеріндегі үш бөлімнен құралған лагерь сұмдығы, ондағы жан түршігерлік зорлық-зомбылық, жазықсыз жазаға тартылуы, қаза тапқандар қасіреті тарих беттерінде мәңгі ақталмақ күйінде қалары сөзсіз.

Қай кезде, қандай заман болмасын тарих ұмытылмасы, шындық су бетіне қалқып шыға-

ры күмәнсіз. Тарихты зер салып, өткенін нақ сараптаған ел ғана болашағын бекем етеді. Осы орайда өлке тарихын тереңнен зерттеп жүрген Жезқазған тарихи-археологиялық музейі қай кезде де танымды кештер мен жарқын жүзделулердің ұйтқысы болып келеді.

31 мамыр – Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай музей басшысы Раушан Қапарова онлайн форматта «Степлаг: өткенге тағзым – болашаққа тағым!» атты кездесу ұйымдастырды. Аталған кездесуге Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғали, қала басшысы Қайрат Әбсаттаров, Мәскеудегі ГУЛАГ тарихи музейі басшысының

орынбасары Артем Готлиб, О.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің профессоры, т.ғ.к. Тұрғанбек Алланиязов және Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжатнама басқармасы жанындағы «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының» басшысы Түлкібай Төлеуов қатысты. Кездесуде Берік Әбдіғалиұлы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің мемлекеттік маңызы жайлы жан-жақты тоқталды. Артем Готлиб болса ГУЛАГ-қа тікелей бағынышты болған Степлаг лагеріне жүргізілген ғылыми-тарихи зерттеулер жайлы тың деректерімен бөлісті.

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ТӨБЕМДЕ – КӨК ТУЫМ, ТӨРІМДЕ – ЕЛТАҢБАМ, ЖҮРЕКТЕ – ӘНҰРАН



(Соңы. Басы 1-бетте).

1997 жылғы 8 қарашада Ақмоланың орталық алаңында Республикалық ұланның қолбасшысы Сәт Тоқпақбаев арнайы рейспен Алматыдан жеткізген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік білігі рәміздерінің Жаңа Астанаға келуіне арналған салтанатты митинг пен шеру өтті. Ақмолаға Премьер-Министрмен және республика үкіметінің мүшелерімен бірге келген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шеруді қабылдады.

Митингте Мемлекет басшысы өз сөзінде болып жатқан оқиғалардың бүкіл республика үшін де, Ақмола үшін де маңыздылығын атап өтті. Ол бұл қала тарихтың түрлі кезеңдерінде, әсіресе, бүкіл өмір үшін басқарушы бай тәжірибесін берген тың игеру жылдарында маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға және жүргізіліп жатқан әлеуметтік-

экономикалық реформаларға байланысты бірқатар бүгінгі шындықтар мен перспективаларға орай Ақмолаға оның жаңа мәртебесін айқындай отырып, көзіміз тағы да бұрылды.

Осы күннен бастап Ақмола, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік рәміздердің – Ту мен Елтаңбаның эталондық даналарын, сондай-ақ президенттік байрақтың сақтаушысы болды.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу бірқатар маңызды конституциялық нормаларға жатады. Мәселен, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңында Қазақстан Республикасының азаматтары да, оның аумағындағы адамдар да Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін қастерлеуге міндетті деп жазылған.

Және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына де-

ген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында – жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына іске асыратын білім беру ұйымдарында оларды зерделудің мәні мен маңызын түсінуді, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды қалыптастыруды көздейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы үнемі арнайы бөлінген көрнекі жерге орнатылады, Мемлекеттік Елтаңба не олардың бейнелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мемлекеттік тілдегі мәтіні орналастырылады.

Еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтей отырып, әрбір қазақстандық өз Отанына деген патриоттық сезімін білдіреді, оның жетістіктері мен мәдениетін мақтан тұтады, халқымыздың мінезі мен мәдени ерекшеліктерін сақтайды.

Гүлмира НАЗАРБЕКОВА,
Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы

АДАЛ ЕҢБЕК АЛҒЫС АРҚАЛАТТЫ



Егде тартқан шағында жалғыздықпен күн кешкен қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды қамқорлықсыз қалдырмайтын әлеуметтік сала мамандарының еңбегі өлшеусіз. Қызмет алушылардың алғысын иеленген Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары Салтанат Мырзамбетова мен Динара Алтынбекова жылу-электрлік орталығы басшылығы және кәсіподақ ұйымының алғысына бөленіп, қошеметке келді.

– Жезқазған жылу-электрлік орталығының ардагер қызметкерлері арасында жалғызбасты, қараусыз қалған, мүгедек азаматтар бар. Біз олармен байланысымызды үзбейміз. Кездескен сайын жағдайлары жақсы екенін жеткізетін олар, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандарын ауыздарынан тастамай, мақтауларын асырып отыратын. Соған өзіміз де көзім жетті. Аптаның екі күнінде барсам да осы қызметкерлер біздің ардагерлеріміздің алдына түсіп, бар шаруасын бітіріп, үй ішін мұнтаздай қылып жинап, еденін жалтырата жуып жүрді. Мен де олардың адал еңбектеріне дән риза болдым. Сосын басшылықпен ақылдаса отырып, кәсіподақ және ардагерлер кеңесімен ақылдаса отырып, жаздың алғашқы күні осы қызметкерлерге алғысымызды жеткізгіміз келді. Қарттарға өз әкешелеріңдей қамқорлық танытқан сіздердің еңбектеріңізге табыс



тілеймін, – деген Жезқазған жылу-электрлік орталығының кәсіподақ басшысы Марат Қошанов Салтанат пен Динараға Алғыс хат пен гүл шоқтарын және сыйлықтарын табыс етті.

– Біздің барлық қызметкерлеріміз еңбеккер, өздеріне артылған міндеттен қашқан емес. Біздің жұ-

мысымыз тек әлеуметтік тұрғыдан көмек көрсету ғана емес, біз қызмет алушыларға рухани тұрғыдан да қамқорлық танытамыз. Қазіргі таңда қала бойынша 320-дан астам үй жағдайында күтімді қажет ететін жалғызбастылар, қарттар және мүгедектер бар. Оларға бар-жоғы 40 әлеуметтік сала маманы қызмет көр-

сетеді. Олар аптасына кем дегенде екі рет, екі сағаттан қызмет көрсетуі қажет, – деген сала маманы Мұрат Райымбеков қызметкерлер еңбегін елеген жылу-электр орталығы ұжымына ризашылығын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БАСПАНАМЕН ҚАМТУ – ҚАРҚЫНДЫ

Соңғы жылдары Жезқазған алын құрылыс алаңына айналды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында және жергілікті және кәсіпкерлердің қолдауымен бой көтерген әлеуметтік-мәдени нысандар, сондай-ақ, көп қабатты тұрғын үйлер қаланың сәулетін келістіріп қана қоймай, мысты өлкенің өркендеуіне өзінше үлес қосты. Биыл да осы дәстүр өз жалғасын тауып, жезқазғала ауқымды жобалардың қарқын алуы. Оның ішінде тұрғын үй құрылысы қанат жасайды.

Ағымдағы жылдың жоспарында жалпы ауданы 12,4 мың шаршы метр болатын көпқабатты 3 үйдің (Алашахан даңғылы 34И, 34К, Байқоңыров 28 А және 1 үйдің 2 блогы (А, Б) Алашахан даңғылы 34Е) құрылысы аяқталып кезекте тіркелінген 166 отбасына берілетін болады. Алашахан даңғылы 34И, 34Е мекенжайындағы үйдің 120 пәтері жалға берілсе, Алашахан 34К, Байқоңыров 28 А мекенжайындағы үйдің 78 пәтері несиеге рәсімделеді. Енді Алашахан даңғылы 34К, Алашахан даңғылы 34Е тұрғын үйлердің құрылысына кеңірек тоқталар болсақ.

Алашахандағы 34 К тұрғын үйі 5 қабатты, 60 пәтерілі. Құрылыстың жалпы сметалық құны – 812,3 млн. теңге, пәтерлердің жалпы ауданы 4484,1 шаршы метр. Бас мердігер – «Самға» ЖШС. 2020 жылы құрылысқа республикалық бюджеттен 501,7 млн. теңге, 2021 жылы құрылыстың аяқталуына облыстық бюджеттен 229 млн. теңге бөлінді. Жалпы аяқталған құрылыс жұмыстарының көлемі 60%-ды құрайды. Атап айтқанда есептік кезеңде ішкі қабырғаларды қалау 95%, сыртқы қабырғаларды қалау 85%, ішкі қабырғаларды сылау 65%, 1-ден 5 қабатқа дейін электромонтаждау жұмыстары 75%, 1-ден 3-қабатқа дейінгі терезе блоктарын орнату 45%, сантехникалық жұмыстар 10% жүргізілген. Құрылысқа арнайы 10 бірлік техника мен 51 жұмысшы жұмылдырылған.

Алашахан даңғылы, 34Е мекенжайындағы көп қабатты 90 пәтерлік жалдамалы тұрғын үйдің құрылысы 2020-2022 жылдарға жоспарланған. Пәтерлердің жалпы ауданы 5765,7 шаршы метр, құрылыстың жалпы сметалық құны 1 248,6 млн теңге. Бас мердігер – «Астана Көктем» ЖШС. 2020 жылы республикадан 175 млн. теңге, билыл құрылысты жалғастыруға 771,9 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда оның 115 млн теңгесі игерілді. Аяқталған құрылыс жұмыстарының көлемі – 25%. Нақтырақ айтқанда, 48 жұмыскер мен 12 арнайы техника есепті кезеңде сыртқы, бірінші қабаттағы ішкі және бөлмелердің аралық қабырғалары қалап, 6 қабатты В блогын 90%, 7 қабатты А блогы 50% жұмыс жасады.

Жоғарыда аталған құрылыс жобалары мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен Жезқазғанда ертеректе тұралап қалған тұрғын үй құрылысы дами түскенін айғақтайды. 2018 жылы барлығы 66 пәтері бар екі көп қабатты тұрғын үй, 2019 жылы несие негізінде тағы бір үй тұрғындар игілігіне берілді. 2020 «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын іске асыру мақсатында жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге көп қабатты 5 тұрғын үйдің құрылысы бастау алды. Оның 3-үй – жалдамалы, 2-үй – кредиттік тұрғын үй.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының «Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – басты басымдық» деген бағытында қауазалған тұрғын үйдің қолжетімділігі адамдардың табысына және осы міндетті өздігінен шеше алу қабілетіне орай жүзеге асыру тапсырмасын орындау мақсатында өлі де талай ауқымды жобалар қолға алынады.

Мәруа КЕЛІМАҒАНБЕТОВА,
Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің басшысы

ЖАРҚЫН КҮНГЕ ЖОЛ АШТЫ

Біз бүгінде «Алтын күн аспаны, алтын дән даласы» деп басталатын Әнұранымызды зор мақтаныспен шығаймыз. Сол жақ кеуде тұсында жүрегімізге оң қалымызды қойып, тарихты еске аламыз, ашық бұлтыз аспан астында болашаққа көз тастаймыз. Балалардың аманатындай болған Тәуелсіздігімізге быыл 30 жыл толғалы отыр екен. Тәуелсіздік – қазаққа қалған басты мұра, негізгі аманат. Біз қай кезде де осы ең құнды байлығымызды сақтап қалу жолында тыраштан тірік етүміз, соңғы деміміз қалғанына күресуіміз қажет.



Әлемде Тәуелсіз күнге жете алмай жүрген жұрт көп. Ата-бабасынан қалған ұлтарактай жері болмағандықтан тоз-тозы шығып, өзгенің босағасына телміргендер де жетерлік. Өз тілін ұмытқандар да баршылық. Ұлт ретінде жойылу алдында тұрғандарды да білеміз. Міне, солардың мүсәпір жағдайына көз тастай отырып, бүгінгі күнімізге тәубе айтамыз. Біздің батыр бабаларымыз ұлан-ғайыр кең өлкені жерінің кеңдігі бойынша 9-орынға жайғасады. Республика Еуразия құрлығының орталығында барлық мұхиттардан бірдей қашықтықта орналасқан. Республика батысында Еділ өзені алабынан шығысында Алтай тауы шандарына дейін 3 мың км-ге дейін, солтүстіктегі Батыс Сібір жазығынан (Солтүстік Қазақстан жазығы) оңтүстігінде Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне

1600 км-ге дейін созылып жатыр. Дүние жүзіндегі бай тілдердің қатарына жататын шебер туган тіліміз бар. Қазақ тілінің қадір-қасиетіне, көркемдік шеберлігіне, сөздік қорының молдығына таң қаламын. Тілімізде бір сөздің бірнеше көркем баламасын кезіктіруге болады. Тіпті кейде тіліміздегі ерекше көркемдік құралдармен өрнектелген сөздерді өзге тілге аударуға болмай жатады. Себебі ол сөздер бізге ғана тән, біздің бітім-болмысымызға сай жасалып, айрықша орамдалған. Еліміздің пайдалы қазбаларға әлеуеті де тым бай. Жер асты байлығымызға көздерін сығырайта қарайтындар жетерлік. Расында, еліміз Тәуелсіздігін мол минералдары, жер асты байлықтары, оларды экспортқа шығару арқылы тіктелді. Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 99-ы Қазақстан қойнауында табылған. 70-сінің қоры бар, өндірісте 60 элементі пайдаланады.

Қазіргі таңда 493 кен оны бар. Еліміз цинк, вольфрам және барит қорын сақтауда бірінші орында, күміс, қорғасын, хром бойынша – екінші орында, мыс пен флюорит қорынан – үшінші, молибденнен – төртінші, алтын қорынан – алтыншы орында иеленеді. Сондай-ақ ТМД елдері арасында Қазақстан пайдалы қазбалардың, яғни хром, кен, қорғасын қоры көлемі жағынан – бірінші орында, мұнай, көмір, мыс, никель мен фосфор өнімін өндіруден екінші орынға тұрақтаса, газ, көмір, алтын және қалайы бойынша – үшінші орында тұр.

Айта берсек жер астындағы пайдалы қазба байлықтарымыз жетерлік. Дегенмен, бұлардың да сарқылар кезі келері ақиқат. Сол тұста тоқырап қалмауымыз үшін ғылым-білімді дамытуымыз қажет. Осы мақсатта білім-ғылым саласына түрлі гранттар бөлінуде. Болашақ – жастардың қолында. XXI ғасыр – білімділердің дәуірі. Мен еліміздің талапты да талантты жастары алдырынан қандай соқпақ пен қиындық кездесе де қайсарлықпен еңсеріп, әрдайым ел еңесіні тіктей беруді қажет. Сонда ғана біз қолымызда бар егемендігімізді нығайтып, Тәуелсіз Қазақстанды дамуыңа жаңа жолына шығарарымыз анық.

Таңшолпан ТӨЛЕНДИЕВА,
№3 жалпы білім беретін орта мектептің аудармашысы



мақсатында Жезқазған қаласының білім бөлімі басшысы Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ онлайн форматта кездесу өткізді.

БІЛІМ – БАСТЫ БАҒДАР

Жолдауда жүктелген білім саласы қызметкерлерінің айлығын көтеру, тегін тамақтандыруды ұйымдастыру, білім беру ұйымдарында тегін спорт секцияларын ашу, мектепке дейінгі тәрбиесмен қамту, шалғайдағы білім ошақтарының жағдайын жақсарту міндеттері бүгінде өзінше жүзеге асырылуда. Ол жөнінде кеңінен тартқан Жеңіс Едігеұлы:

– Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Міне, біз, осындай форматта екінші оқу жылын тәмамдадық. Қалада 20 мектеп, оның ішінде 1 кешкі мектеп бар. Сапалы білім алу үшін әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдермен және сыныптастармен араласудың орны бөлек. Сондықтан санитарлық талаптарды сақтай отырып, елдің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес 1-5 және 9,11-сынып оқушылары аралас оқыту форматында пәндердің 70%-ы штаттық режимде, 30% қашықтан оқытылды. Сыныптардағы балалар саны 25 адамнан аспады. Оқу процесі «1 сынып – 1 кабинет» қағидаты бойынша сабақтың ұзақтығы – 40 минут. Сабақ кестесі оқытудың аралас форматын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалынған, әр үзілістер сыныптар үшін әр түрлі уақытта ұйымдастырылып, барлық кіру есіктері мен шығу есіктері пайдаланылды. Міндетті мектеп формасы талап етілмей, балалар мектепке ұқыпты және ыңғайлы киіммен келіп оқыды. Мектепке дейінгі мекемелерде, балабақшаларда ке-

зекші топтарда 15 баладан, ал шағын орталықтардың жұмысы уақытша тоқтатылған. Қалада 3427 балаға арналған 14 балабақша, 11 шағын орталық, 5 жекеменшік жұмыс істейді, – деді де күшіне енген «Педагог мәртебесі» Заңына тоқталды.

Аталған заң педагогтың кәсіптік қызметте, материалдық қамтамасыз ету, көтермелеу, әлеуметтік кепілдіктер, педагогтың міндеттері мен құқықтарын көздейді. Атап айтатын болсақ, мектеп мұғалімдерінің сапалық құрамын арттыру үшін магистр дәрежесі бар тұлғалар үшін 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы төлеу көзделген. Бүгінде Жезқазғанда магистр дәрежесі бар 38 мұғалім 2020 жылдың 1 қаңтарынан 10 АЕК мөлшерінде айлықтарына үстемақы алып отыр. Сондай-ақ сынып жетекшілігі мен доптер тексергені үшін қосымша ақы екі есеге өсірілді. Бұдан бөлек, педагогикалық шеберлік үшін де үстеме төленеді. Яғни аттестациядан өткен педагогтар үшін арнайы біліктілік санаты үшін үстеме ақы төленіп отыр. Президенттің тікелей бастамасымен қабылданған «Педагог мәртебесі» заңы педагогтардың мәртебесін көтеріп, жас мамандардың жаңа ағымын қамтамасыз етуге зор ықпалын тигізуде.

Ел Президентінің «Біз балалардың мектепке дейінгі жан-жақты даму мәселесін шешуіміз керек. 2025 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиесімен және оқытумен 100 пайыз қамтамасыз етуді міндеттейміз» деген тапсырмасын орындау мақсатында 2020-2023 жылдары «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС демалушылығымен жалпы жобалық қуаты 880 орындық болатын 4 балабақша салу жоспарлануда.

Биыл «Көктем» және «Ұшқын» балабақшалары, №9 мектеп-интернаты мен №133 негізгі мектебі күрделі жөндеуден өтетінін жеткізген мысты өлкенің бас педагогы жиын қатысушыларының сұрақтарына жауап берді.

Диана ОРАЗАЛПИНА



БЕРЕШЕК ПАЙДА БОЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Қарағанды облысының адвокаттары, кәсіби медиаторлары, жеке сот орындаушылары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған күйінде қалып отыр.

Естеріңізге сала кетейік, пандемия кезеңінде 2020 жылғы 1 сәуір мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде жеке практикамен айналысатын адамдар өздері үшін жарналарды төлеуден, ал микро, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері – жалдамалы жұмыскерлері үшін МӘМС аударымдары мен жарналарынан босатылған болатын. 2020 жылдың 9 айында жарналар мен аударымдар түспей, берешек қалыптаспау үшін, ШОБ өкілдері пандемия кезеңінде азаматтардың жеңілдікті санаттарына жататын өз қызметкерлерінің деректерін (ЖСН) медициналық сақтандыру қорының ақпараттық жүйесіне енгізуі тиіс. Ал жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариустар, кәсіби медиаторлар, адвокаттар және сот орындаушылары) өздерінің ЖСН деректерін енгізуі тиіс. Ол үшін msb.fms.kz сілтемесі бойынша өту қажет. Бүгінгі күні облыстағы барлық босатылған ШОБ субъектілерінің 20% - ы (800-ден астам) ақпараттық жүйеде өз деректерін әлі де өзектендірген жоқ. «Естеріңізге сала кетейік, қор жүйесіне деректері әлі күнге дейін енгізілмеген қызметкерлерде, нотариустарда, адвокаттарда 2020 жылғы кезеңде медициналық сақтандыру жарналары бойынша берешек пайда болды. Демек, олар сақтандырылмаған және МӘМС жүйесінде медициналық көмекті ала алмайды. Егер олар мәліметтерді жүйеге енгізсе, бұл қарыз жабылады», – деп түсіндірді медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалында.

«ММСК» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы

Қарағанды облысының адвокаттары, нотариустары, кәсіби медиаторлары, жеке сот орындаушылары Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған күйінде қалып отыр



Жобада «Мәдениет және спорт» аталымы бойынша бақ сынаған оны көптеген тыңдармандары жақында ғана «Грэмми» жүлдесін иеленген Иманбек Зенкеевпен жиі сальствырады. Өзірге «Грэмми» болмаса да Еуразия жұртшылығына кеңінен танымал «Black Star», «Sony Music», «ИМИ» сынды ресейлік талантты музыканттарды іздеп, олардың шығармаларын жұртшылыққа ұсынатын музыкалық орталықтар, яғни лебдардан ұсынатыр тұскен. Бүгінде музыкалық тректі мен каверлары жастар арасында танымал Арыстан деген тыңдармандарына «Colorit», «The simba» деген есімдермен белгілі.

МУЗЫКАДАН МӘН ҰҚҚАН

Биыл 3000-дай жас қазақстандық бақ сынаған «100 эсақа есім» жобасында 6 қарағандылық топ жарған болатын. Солардың бірі – Арыстан ӘБІЛДИН.

2002 жылы Қарағанды қаласында музыканттар отбасында дүниеге келген Арыстан футболшы болушы армандаған екен. Дегенмен, джазмен әкесі мен дирижерші анасынан дарыған саз өнеріне деген қабілеті арқасында Нұр-Сұлтан қаласында өнер мектебіне оқуға түседі. Осы тұста жазғы сабаққа ішінара ғана қатысқан ол оқудан шеттетіліп, шахтерлар қаласына қайта оралады. Дегенмен алған бетінен қайтпаған ол музыкалық колледжеге оқуға тапсырып, сольфеджио бойынша емтихан тапсырғандардың алдыңғы қатарынан орын алып, кәсіби барабаншы мамандығына қабылданады.

2018 жылдан бастап әкесі жұмыс істейтін заманауи музыка жазу студиясында түрлі тректер жазып, каверлар орындап «Инстаграм» әлеуметтік желісіне жүктеп жүрген оның оқырмандары көбейіп, жастар арасында танымалдығы арта бастайды. Кейіннен өзге музыканттардың әндерін орындап қана қоймай, өз туындыларын да жарыққа шығарып, көпшілік назарына ұсынады. Бүгінде «Colorit», «The simba» есімдері бойынша 10-нан аса төл туындыларын шығарған ол, заманауи музыка құрылғыларын пайдалана отырып, қазақстандық музыканы әлемге танытуға болады деген пікірді айтады. Оның кавер-



Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жазғы кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі және балалардың шығармашылық дамуына, олардың рухани әлемі мен интеллектін байытуға мүмкіндік болып табылады.

Қарағанды облысының білім басқармасы тарапынан балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелең ұрпақты әлеуметтендіру мен дамытудың негізгі міндеттерін шешуге бағытталған және 1989 жылғы 20 қарашадағы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары туралы Конвенциясында, Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кәсіпкерлікке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен бағдарламасын аясындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәрбие саясатының және 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы негізінде тұжырымдама ұсынылды.

Тұжырымдамаға сәйкес Жезқазған қаласының білім бөлімі жоспар құрып, 2021 жылдың 26 мамырынан бастап балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын іске асырду.

Жезқазған қаласының 19 мектебінің 1-10 сыныптарында 14224 бала оқу жылын аяқтады.

Демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін келесі ішаралар жоспарлануда:

- Жезқазған қаласының жалпы орта білім беретін 19 мектебінің 3 мектебінен басқа (анықтама: күрделі жөндеу жұмыстары жүретін №9 мектеп-интернаты, №133 негізгі орта мектебі, №6 Теректі станциясындағы жаңа мектеп ғимаратының салынуына байланысты) 1-ші аусымда 16 мектептердің 890 баласына, екінші аусымда 14 мектептердің – 810 баласына, барлығы 1700 балаға күндізгі мезгілде мектеп жанындағы лагерьлердің жұмысын ұйымдастырып, ашылуы;
- Жезқазған қаласы мектептерінің 103 оқушысы қала сыртындағы лагерьлерде демалып, сауықтандырылуы ұйымдастырылады.

ЖАЗҒЫ КАНИКУЛ – КӨНІЛДІ

2021 жылдың 26 мамыры мен 15 маусым аралығында «Жазғы мектеп» жобасы бойынша ата-ананың өтініші негізінде:

- 1-4-сыныптар арасында математика, қазақ тілі, жаратылыстану, дүниетану пәндерін және оқушылардың оқу сауаттылығын, сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында «Жас оқырман» клубтары, көркем жазуды жетілдіру үшін «Көркем жазу» мектептері жұмыс істейді.
- 5-10-сыныптар арасында математика, биология, география, химия, физика, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы пәндерінен оқушылардың қиын және менгерілімеген тақырыптар бойынша жұмыстар жүргізіледі.
- Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы тарапынан:
 - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру барысында «Ұлы дала тарихы» бағдарламасы аясында мектеп оқушыларымен еліміздің рухани-тарихи құндылығы бар жерлерге (Алматы, Шымкент, Түркістан, Қарқаралы, Мерке, Ұлытау, Теректі әулие, Алашахан, Домбауыл, Жошы хан, Едіге тауы, Хан Орда) жорық-саяхаттар, спорттық-туристік саяхаттарда палатқалар құрып, құзға өрмелеу, жаю жүру, тау техникасы мен веложорықтар жасау жоспарлануда;
 - жаз бойы жеке кесте және жоспар бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Бөйшешек», «Развивашка» дамытушы сабақтар, балалар мен ата-аналар қамудастығына сәндік-қолданбалы және көркем шығармашылық шеберлік сыныптарының жұмысы, орталықтың бағасын бойынша үйірмелер жұмысы жалғасын табады.
- Оқушылардың бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша:
 - жоғарғы сынып оқушылары арасында еңбек отрядтарын құрып, өздерінің сыныптарында, мектеп ауласында көмек беруді ұйымдастыру;
 - қаланың тазалығы мен гүлденуіне үлес қосу мақсатында қала әкімдігінің «Жастар орталығы» бағдарламасы аясында 3 ай мерзімінде ата-анасы (заңды өкілдері) өтініштері бойынша жаөспірімдер арасында ақылы еңбек ету;
 - мектептерде еріктілер тобы мақұлатура, шыны ыдыстарын, басқа да қолайлы нәрселерді жинап, онду арқылы пайдалы зат жасап, түскен қаржыға аз қамтылған отбасыларға көмек беру жұмысын экологиялық стартаптар арқылы жүргізу;

– әр оқушы еңбек заңы шеңберінде өзінің отбасының жеке кәсіпкерліктерінде және ата-анасының қолдауымен, келісімімен басқа да жұмысқа жалдану мүмкіндігін қарастыру;

– мектептерде кәсіби лагерьлер жұмысын ұйымдастырып, олимпиада резервтері, дебат клубтары, тіл дамыту мектептері, үйірмелер, спорттық секциялар бағытында баланы қамту жоспарлануда.

Жезқазған қаласы Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің жанындағы киіз үйдегі әскери-патриоттық бағыттағы жоба бойынша:

– 2021 жылдың маусым айының 2-21 маусым аралығында Жезқазған қаласы Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің жанында «Жас сарбаз» клубтарының штабы ретінде жазғы каникул уақытында киіз үй құрып, барлық мектептердің «Жас сарбаз» мүшелеріне бір күндік әскери-патриоттық жаттығулар ұйымдастыру арқылы практикалық тәжірибемен алмасу (автоматты жинау, граната лақтыру, алғашқы медициналық көмек көрсету т.б.).

Жасөспірімдер арасындағы бала қауіпсіздігіне байланысты жергілікті құқық қорғау, төтенше жағдайлар қызметкерлерімен бірлесіп «Жас полиция көмекшісі», «Жас құтқарушы», «Жас жол инспекторы», «Жас өрт сөндіруші» мектептегі оқушылардың белсенді өмірлік бағыт-бағдарларын қалыптастыру барысында ерікті топтар ретінде есепте тұрған, қолайсыз отбасының балалары және белсенді оқушылар қатарынан 3 айда атқаратын іс-шаралар:

- мектеп жанындағы көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелеріне байланысты шараларды ұйымдастыру;
- жол-көлік оқиғаларынан (ЖКО) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету ісіне машықтану;
- өрт және судағы қауіпсіздік, құдық бұзушылықтың алдын алу бойынша жергілікті инспектормен бірлесіп ерікті топтар жұмысын ұйымдастыру (жол қауіпсіздігі, суға түсу ережесін сақтау, өрттің алдын алу, жеке саяжайлардағы, қаладағы бала қауіпсіздігі).

2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепшілік есепте – 23 бала, ювеналдық полиция есебінде – 5 бала, 32 бала 19 қолайсыз отбасында тұрады.

Іс-шаралар қорытындысы бойынша құдық бұзушылықтың алдын алу, бала қауіпсіздігі шаралары бойынша бейнероликтер дайындап, әлеуметтік желілерде тарату жоспарлау.

Сонымен қатар, оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында шығармашылық жобаларды іске асыру көзделуде.

– Жаз бойы «Бір апта ауылда» жобасы аясында балалар ауыл тіршілігімен танысып, ата-әжелеріне көмек көрсетіп, бейнероликтер арқылы әлеуметтік желіге салу;

– «Бір күн жұмыста» жобасы бойынша ата-ана, бауырларымен барып бір күн жұмысында кәсіптік бағдар алу және еңбекті бағалау, дәріптеу тәрбиесін жалғастыруда балалар бейнеролик дайындап, әлеуметтік желілерде жарнама түрінде көрсету;

– «Аналар», «Әкелер», «Аталар», «Әжелер», «Ағалар», «Өпкелер», «Жеңелер» кеңестері арқылы онлайн форматта 3 айда тақырыптық кездесулер, тренингтер - ата-ана және оқушыларға ұйымдастырылып, тікелей эфирлерді әлеуметтік желілерде орналастыру;

– «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымының мүшелері тарапынан қамтитын Тарихи жерлерде 1 күндік саяхаттарға шығу және оны әлеуметтік желіге орналастыру болып табылады.

Жазғы демалыс кезінде қызмет саласын мектептен тыс білім беру ұйымдары кеңейтеді. Қаладағы жазғы уақытта оқушылар шығармашылық орталығы, кітапханалар, мұражайлар, кинотеатрлар, театр жұмыс істейді. Үйірмелерде, секцияларда, клуб студияларында әр баланың жеке басын дамытуға, оның қабілеттерін ашуға, азаматтың тәрбиесіне көңіл бөлінеді.

Елдегі және әлемдегі жағдайға байланысты, балалар арасында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, сауықтыру және жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету кезінде санитариялық эпидемиологиялық талаптарды орындау жөніндегі шаралар көзделетін болады.


Балаларды сауықтыру лагерлерінің жұмыс алгоритмі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысымен бекітіледі.

Гаухар ЖАҚЫПБЕКОВА,
Жезқазған қаласы білім бөлімінің тәрбие жұмысы жөніндегі бас маманы

МАРАПАТ

«АЛТЫН СҰҢҚАР» ОН БЕСІНШІ МӘРТЕ ТАПСЫРЫЛАДЫ

Биыл облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне арналған «Алтын сұңқар» сыйлығы он бесінші мәрте тапсырылмақ. 2006 жылдан бастап аймақтағы қалам ұстаған қауымды қолдау мақсатында ұйымдастырылып келе жатқан байқаудың бүгінде қоғамдағы беделі зор.



Бүгінгі күнге дейін облыс әкімінің сыйлығына 202 журналист пен 6 бұқаралық ақпарат құралдары ұжымы ие болды.

Марапатталғандар қатарында ардагер қаламгерлер қарасы қалың. Осы күнге дейін 22 бұқаралық ақпарат саласының ардагері «Алтын сұңқарға» иелік етті. Мұнда Мәлік Имашев, Екатерина Кузнецова, Мағауия Сембай, Галина Рахимова, Сағат Бағырханова, Айқынбек Несіпбай, Сергей Высоков, Сүйіндік Жансыйбай, Аман Жанғожин, Батырбек Мырзабеков және тағы басқа танымал тұлғалардың есімдерін мақтаншып айта аламыз.

Ал, марапат биігіне көтерілген ұжымдар арасында «Қазақстан» РТРК Қарағанды облыстық филиалы, Балқаш қаласындағы «Өркен-медиа» теларнасы, «Хабар» агенттігінің Қарағанды облысындағы тілшілер қосыны, Жезқазған қаласындағы «Диндар» теларнасы, Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газеті және Қарағандыдағы «5 арна» теларнасы бар.

Байқау жеңімпаздарына тапсыратын жүлде көлемі де қомақты. Байқаудың басты сыйлығы – «Қарағанды журналистикасының дамуына қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығы. Жүлде сомасы – 1 млн. теңге. Бұл сыйлық ұзақ жылдар бойы журналистика саласында тер төгіп, аймақ журналистикасын өркендетуге зор үлес қосқан қаламгерге немесе бұқаралық ақпарат құралдары ұжымына беріледі.

Бұдан бөлек, жеңімпаздар он номинация бойынша марапатталады. Яғни, журналистер «Мамандыққа адалдық үшін», «Белсенді өмірлік ұстанымы үшін», «Объектив шебері», «Ауыл тақырыбын үздік жариялау», «Әлеуметтік тақырыптағы ең үздік жарияланым», «Өндірістік тақырыпты үздік жариялау», «Алғашқы жетістіктері үшін», «Жылдың ең үздік шығармашылық жұмысы», «Мәнер мен атқарымдылық үшін» және «Еңбек адамы» тақырыбын үздік жария еткені және насихаттағаны үшін» номинацияларында марапатталады.

Биыл бұл номинациялардың әрқайсының сыйлық мөлшері 500 мың теңгені құрайды.

ortalyq.kz

ТУҒАН ЖЕР



«Жезқазған ауданы әлемдегі мысқа бай аймақтардың бірі саналады. Бәлкім оған болашақта Оралдың қазыналы өлкесі ғана емес, Американың мысты өңірлері де біріншілік алуға жол беріп қалар»

Қ. И. Сәтбаев «Қарсақбай ауданы және оның болашағы» 1928 ж.

Сүтемген Бүкіровтың барлық ізденіс жұмыстары, өлкетанушылық қызметі Ұлытау, Қарсақбай, Байқоңыр, Жезді, Жезқазған жерлерінің тарихымен тікелей байланысты. Оның назарында өлке тарихының түрлі кезеңдері мен мәселелері болды. С. Бүкіровтың өлкетану ізденістерінің кендігі мен ауқымдылығы әсерлі. Оны саяси тарих, әлеуметтік-экономикалық қайта құру мәселелері, өлке мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының түрлі мәселелері қызықтырды. Оның макалаларының, очерктері мен зерттеулерінің кейіпкерлері аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәдени дамуына елеулі үлес қосқан ірі тарихи тұлғалар, сонымен қатар қарапайым жұмысшылар, ғалымдар, инженерлер, колхозшылар, мұғалімдер еді.

Сүтемген Тақабайұлының өлкетанушылық ізденістерінде Қарсақбай мәселесін зерделеу ол ерекше назар аударған бірқатар түйінді тақырыптарды бөліп көрсетуге негіз берді. Ең алдымен, Қ.И. Сәтбаев, Ө.А. Байқоңыров, И.В. Деев сияқты жергілікті қайраткерлердің өмірбаяны Қарсақбай тарихымен тығыз байланысты екені анық. Негізі, С. Бүкіров Қ.И. Сәтбаев пен И.В. Деев өмірбаянына және олар жайында нақты деректерге ерекше назар аударды. Көптеген газет баслымдары мен «Біздің Қаныш Имантайұлы» деген жинақ пен «Иван Деев» деректі-өмірбаяндық очерктерінің мазмұнын талдау барысында С.Бүкіровтің сирек кездесетін және құнды құжаттар мен материалдардың ғылыми айналымын анықтау және енгізу бойынша кең ауқымды іздеу жұмыстарын жүргізгенін көрсетеді.

Қарсақбай мәселелері аясында С. Бүкіров назар аударған келесі тақырыпты Қарсақбай халқының Ұлы Отан соғысына қатысуы деп атауға болады. Ол 1990 ж. Жезқазған облыстық «Зерде» кітабының редакциялық алқасына кенесші – құрастырушы ретінде шақырылды. Дәл осы кезден бастап, С.Бүкіров Қазақстан мен Ресейдің бірқатар мұрағаттарында ауқымды да тынымсыз ізденіс жұмыстарын жүзеге асыра отырып, осы тақырыпты әзірлеуге орасан зор үлес қосты. Бұл жұмыстың нәтижесі 1995 жылғы әйгілі екі томдық «Боздақтар», кітабы жарық көрді. С.Бүкіров жоба аясында жұмыс істеген әріптестерімен бірге Ұлы Отан соғысының бірнеше мың қатысушысы – біздің өңірден шыққандар туралы мәліметтер алды. Осының арқасында Ұлытау-Жезқазған өңірінің қазіргі және болашақ ұрпақтары Отан үшін шайқаста қаза тапқандардың есімдерін білуге бірегей мүмкіндік алды. Менің ойымша, осы жұмыс үшін ғана Сүтемген Бүкіров Қазақстанда бар ең жоғары марапаттарға лайық.

Қарсақбай мәселелері аясында С.Бүкіров түрлі дереккөздерден, мұрағаттардан, ғылыми зерттеулерден, кітаптардан, журналдардан, газеттерден ақпарат іздеді, Орталық Қазақстан даласының алғашқы ізашарларының бірі Н.П.Рычков туралы мақалалар жазуға; 1915 жылы Қарсақбай-Байқоңыр тар табанды желісіндегі теміржол жұмысшыларының; 1925 жылы Қарсақбай мыс балқыту комбинатының құрылысының басталуына; кең байыту фабрикасының мыс балқыту зауытының құрылысына кіріскен шетелдік капиталистердің қызметі туралы; № 1 Қарсақбай мектебінің, Қарсақбай та-

у-кен металлургия техникумының құрылысы, аудандағы алғашқы комсомол ұяшықтарының құру туралы; С. Сейфуллиннің ұжымдастыру жылдарында Қарсақбай ауданында болған кезіндегі қызметі туралы; тау-кен инженері және көрнекті ғалым, ғылымды ұйымдастырушы Ө.А. Байқоңыров туралы; Қарсақбайдан келген ұстаз М. Б. Абсатаров, сондай-ақ техника ғылымдарының докторы дәрежесін алған алғашқы әйел А. Ж. Ақбасованың өмірбаяндары туралы қызықты әрі тың деректерді топтастыруға мүмкіндік берді.

Міне, осындай әртүрлі дереккөздерді жинап, талдау барысында С.Бүкіровтің тапқан тағы да бір тың дерегі Қарсақбай мыс зауытының тұңғыш директоры Деев емес, Дрейман болғанын сол кезде көзі көріп, таныс болған адамдардың жазуымен дәлел-

дейтін қасиеті мен жұмысшыларға көрсеткен зор сенімі үшін «Қызыл директор» деп атады. Сол жылдардағы жиналыс мәжіліс хатында «Үш жыл ішінде кеніш жұмысшыларының өсіетін орындай отырып, Риддерді капиталистердің қанауынан босатуға бар күшін жұмсаған күрескер ретінде Дрейман жолдасқа толық сенім білдіреміз» – деп жазған екен.

1926 ж. 26 наурызда Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде (ХШЖК) қабылданған өзіндік келесі қаулыдағы шешімінде «Қазақстанда темір жол құрылысының жобасы өңірдің тау-кен және металлургиялық дамуы жоспарымен бірге қарастырылуы керек» деп жазды. ХШЖК шешімін Қазақстан үкіметі есепке алды. 1927 жылдың басында Қарсақбай ауданының экономикалық және мәдени өмірін кө-



шылығы, көрнекті өкімі мен жігері үшін» Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттауға ұсынады. Содан кейін Рудольф Ансович бүкіл ел көлемінде түсті металдарды бұрғы-

СҮТЕМГЕН БҮКІРОВТІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАРСАҚБАЙ ТАҚЫРЫБЫ

дейді. Дрейман деген кім, ол қазақ жеріне қалай, қайдан келді? Ендігі кезекте, тарихи деректерге назар аударалық.

Рудольф Ансович Дрейман 1887 жылы Курляндия губерниясында Газенад уезінде латыш шаруа отбасында дүниеге келген. Либавада (Лиеная Латвия КСР-і) үш кластық қалалық училищені бітіріп, кешкі техникалық курстарда оқып, токарь мамандығын алған. Слесарьлық істі, машина жөндеуді, автокөлік жүргізуді меңгерген. 14 жасында Рудольф жергілікті газетте курьерлік қызмет атқарған.

1905 жылдан большевиктер партиясының мүшесі, революцияға қатысқаны үшін тұтқындалып, одан қашып кетеді. Жасырын жағдайда өмір сүріп, кәсіби революционерге айналады. Сосын тағы да түрме, тағы да жер аударылған. 1912 жылы Сібірде әйелі О. Эвальтович - Дрейманмен бірге жер аударылып, жолда болашақта Риддер кенішінің тұңғыш кеншілерінің бірі болған ұлы Владимир дүниеге келеді.

Р.А. Дрейман 1917 жылғы төңкеріске белсене қатысып, 1918 жылы партия тапсырмасымен Латвияға Төтенше Комиссариаттың шекара отряды байланыс бастығы болып жіберіледі. Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Латыш Совет Республикасының хабарлама комиссары болып тағайындалды. Совет өкіметі құлаған соң, қираған металлургия өнеркәсібін қалпына келтіру үшін «Ангараметалл» басқарма бірлестігіне мүшесі болып Сібірге жіберілді. 1921 жылы В.И. Лениннің тікелей нұсқауымен Риддер тау-кен өнеркәсібінің басқарушысы болып тағайындалып, Риддер кәсіпорындарының қалыптасуына, кеншілер арасында партия ұйымының жұмысын жандандыруда ерекше рөл атқарады.

Кәсіпорын жұмысшылары Рудольф Ансович Дрейманды жылдам шешім қабыл-

лау бағытталған іс-шаралар Қазақстанның Халық комиссарлар кеңесінің арнайы мәжілісінде қаралып, қабылданды. Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің шешімінен шамамен бір айға жетпей Қарсақбайда үкіметпен арнайы құрылған техникалық штаб орналасты. Оған болашақ құрылыс орнының жағдайын зерттеу міндеттелді. Құрылыстың алғашқы кезеңдерінің сипатын бір мақалада жеткізу мүмкін емес. Орталық Қазақстанның ауыр өнеркәсібіндегі алғашқы құрылыс тарихы арнайы монография нысаны бола алады. Ал біз құрылыстың тек бірқатар маңызды жерлеріне ғана тоқталамыз. 1925-1926 жж. Жусалы мен Қарсақбай арасындағы тасымалдық байланыс жүргізіліп, Жезқазған кендерін ең жақсы шетел фирмаларында: «Минерал Сиерейшин» (Англия), «Дженераль Инженеринг» (Америка), «Экоф» (Германия), Кеңес ішінде «Механобр» (Ленинград), Тау-кен академиясында (Москва) флотерлену жағдайын анықтауға бағытталған зерттеу жұмысары жүргізіле бастады. Осы жылы Байқоңыр құбысы қайта жандандырылды, Қарсақбай – Байқоңыр темір жолының құрылысы мен Қарсақбай бөгетінің жөндеуі аяқталды.

Рудольф Дрейман Рудный Алтайдан 1926 жылдың басында кетті. Тарихи деректер Рудольф Ансовичтің партиялық бақылауын аймақтық комиссияның құрамына сайланғанын және жана міндеттерді орындау үшін Қызыл Ордаға кеткенін айтады. Бірақ төрт айдан кейін Р.А. Дрейман Қарсақбай мыс балқыту комбинатының директоры болып тағайындалады. Ильичтің елшісі сол кездегі тағы бір ірі түсті металлургия кәсіпорнын қалпына келтіруді және іске қосуды басқарды. 1929 жылы ҚазЦИК Президиумы Р.А. Дрейманды «Қарсақбай комбинатын қалпына келтірудің аса қиын жағдайларында көрсеткен шебер бас-

лау барлауын ұйымдастырушылардың бірі болады. Кейінірек, Ленинградтағы Қызыл директорлардың курстарын аяқтайды.

С.Т.Бүкіровтың ізденіс жұмыстарының арқасында 1971 жылы Ж.Ермұхамедов араб графикасынан қазіргі қазақ тілінің графикасына аударған Хамза Жүсіпбековтың «Қарсақбай» атты бүгінгі таңдағы өте сирек кездесетін кітабының мазмұнымен танысуға мүмкіндігіміз бар. 1928 жылы жарық көрген бұл кітап Қарсақбай мыс балқыту зауытының құрылысына байланысты кейбір мәселелерге, атап айтқанда осы құрылыстың бірқатар басшылары оның ішінде «комбинат басшысы Р.А. Дрейман, трест бастығы Бронист, трест мүшесі Қ.Сәтбайұлы» мен қатысушыларының рөліне назар аударады.

1930-шы жылдардың ортасына қарай Р.А. Дрейман бірден үш ұйымды — Ақмалық мыс балқыту комбинатының құрылысын, «Средзгинцветмет» ғылыми-зерттеу институтын және Қырғыз кен басқармасын басқарған.

1937 жылғы саяси қуғын-сүргін Р.А. Дрейманды да айналдыртып өтпеді, қисынсыз жала жабылып, партия қатарынан шығарылды, тұтқынға алынды. 1942 жылы тұтқында қайтыс болды, 1956 жылы КПСС-тің XX съезінен кейін ақталған.

Бүгінгі кезде, өңірдің индустрияландыру, урбанизация тарихының мәселелерін зерттеу, әрі 1920-1950 жылдардағы Қарсақбай мен Қарсақбай мыс қорыту комбинатының тарихына ғылыми дәрежеде баға беру үшін, жоғарыда қарастырылған деректер маңызды болып табылады.

Қабдол ӘУЕЗОВ, тарихшы

Суретте: Рудольф Ансович ДРЕЙМАН

STOPFAKE



Фейк: «ВАКЦИНА ҚҰРАМЫНДА ГРАФЕН НАНОТҮТІКШЕЛЕР БАР»

Telegram чаттарында пайдаланушылар вакцина ампуласына ұқсас герметикалық жабық бөтелкеңің ішінде магнит бөлшектердің барын көрсететін ерекше видеомен бөлісуде. Сондай-ақ, COVID-19 қарсы вакциналарда магниттелетін графен нанотүтікшелері бар деп мәлімдейді. Бұл олай емес.

Жабық шিশаның ішіндегі магнит бөлшектер көрсетілген видеоға вакцина емес екендігі көрініп тұр. Оны Particles Work логотипінен, бөлшектердің өлшемі, пішіні мен архитектурасы нақты басқарылатын жоғары тиімді нано- және микроқұрылымды материалдарды өндірумен айналысатын компанияның жапсырмасынан түсінуге болады. Particles Work компаниясы ешқашан вакцина немесе басқа дәрі-дәрмек шығармаған. Компания өнімдерінің қатарында әртүрлі металдардан жасалған магнит бөлшектер бар. Видеоға шিশаны компанияның ресми сайтындағы осы өнімнің жарнамасынан көруге болады.

Компания шығаратын магнит бөлшектер өнеркәсіпте катализ және қоршаған ортаны қалпына келтіру; фармацевтикада – дәрі-дәрмекті мақсатты жеткізу; биомедицинада – катерлі ісік ауруының магниттік терапиясы, сонымен қатар диагноз қою кезінде МРТ агенті және т.б. ретінде қолданылады.

Графен де, графен нанотүтікшелер де компанияның сайтында магнит нанобөлшектер жасалатын материал ретінде көрсетілмеген. Графен қалыңдығы бір атомдық көміртек атомдарының қабаты арқылы түзілген көміртектің аллотропты модификациясы. Ол жақында ғана анықталды. Оны микроэлектроника, өнеркәсіп және т.б. салаларда қол-

данылады. Графен нанотүтікшелерді вакциналарды жасау кезінде пайдалану туралы деректер жоқ. Графен және оның туындылары COVID-19 қарсы вакциналардың құрамында да жоқ.

Демек, вакциналардағы магнит графен түтікшелер туралы хабарлама фейк болып табылады. Видеоға көрсетілген құтыда вакцина жоқ, ал имундауға арналған препараттардың құрамында бұл ингредиент көрсетілмеген.

Қастандық теорияларын жақтаушылар COVID-19 қарсы вакциналарда магнит барын бұған дейін де дәлелдеуге тырысқан. Біз вакцинацияланған адамдарға магниттер тартылатындығы, сондай-ақ барлық вакциналардың құрамында суперпарамагниттік нанобөлшектер бар екендігі туралы фейктерді жоққа шығардық.

Фейк: «ВАКЦИНАЛАРДАҒЫ АЛЮМИНИЙ НАНОБӨЛШЕКТЕР МИДЫ ЗАҚЫМДАЙДЫ»

Әлеуметтік желілерде вакциналардың құрамына кіретін алюминий нанобөлшектер туралы фейк тарайды. Кейбір пайдаланушылардың айтуынша, нанобөлшектер миға зақым келтіріп, Альгеймер ауруын тудыруы мүмкін. Бұл олай емес.

Бүгінгі таңда алюминий нанобөлшектер вакциналар өндірісінде қолданылмайды. Оларды қолдану әзірге қосымша зерттеулерді қажет ететін теория ғана. Алюминий нанобөлшектерді қолдану басқа адьюванттармен салыстырғанда вакциналардың тиімділігін арттыруы ықтимал.

Қазіргі кезде кейбір вакциналарда алюминий гидроксиді қолданылады. Бұл тұз және ол нанозат болып саналмайды. Алюминий тұздары 70 жылдан астам уақыт бойы вакциналарда адьювант ретінде қолданылып келеді. Олар имундық реакцияны күшейтуге мүмкіндік береді.

Вакциналардағы алюминий гидроксиді қауіпсіз және ми мен басқа ішкі мүшелерге зақым келтіре алмайды.

Вакциналарда қолданылатын адьюванттардың Альтгеймер ауруының дамуына ешқандай қатысы жоқ. Бұл ауру вакциналар өндірісінде адьюванттар қолданылғанға дейін анықталып, сипатталған.

Альтгеймер ауруының вакцинациямен байланысы туралы барлық теориялар сенімсіз дереккөздерде жарияланған ойдан шығарылған және спекулятивті ғылыми мақалаларға негізделген.

Фейк: «COVID-19-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН АДАМДАРҒА ҰШАҚПЕН ҰШУ ҚАУІПТІ»

Әлеуметтік желілерде тараған видеоға COVID-19 қарсы вакцина алғандарға ұшақпен ұшуға болмайды деп ескертті. Мұндай сапар салдарынан тромбоз немесе қан кетуі мүмкін екен. Бұл – жалған.

Екпе салдырған адамдар үшін ұшу қауіпі туралы дәрігерлер де, ғалымдар да айтпаған. Медицина өкілдері вакцинаның екінші дозасынан кейін екі-үш апта өткен соң ұшақ ұшуға кенес береді. Бұл уақытта вакцинацияланған адамның ағзасында антиденелер қалыптасады. Сондай-ақ, мамандар егілген туристерді шамадан тыс немқұрайлық танытпауға шақырады – вакцина алғанына қарамастан, саяхатшылар маска тағып, адамдар көп жиналатын жерлерде әлеуметтік қашықтықты сақтауы керек.

Мамандар ұшу кезінде вакцинацияланған адамдарда тромбоз немесе қан кету қауіпі артаатыны туралы айтқан жоқ. Бұл миф Желінің ағылшын тілді сегментінде шыққан. Пайдаланушылардың айтуынша, әуе компаниялары жаппай өлімнің алдын алу үшін екпе алған адамдарға ұшуға тыйым салады. Бұл теорияны тәуелсіз фактчекерлер жоққа шығарды.

Әуе тасымалдаушылар да мұндай шектеулер қарастырылып жатпағанын жеткізді. Ағымдағы жылдың 8 сәуірінде рейс жасаған Qatar Airways бортында болған барлық жолаушылар мен қызметкерлер толығымен егілгендер. Ұшу кезінде және қонғаннан кейін тромбоз немесе қан кету жағдайлары туралы хабарланбаған. Басқа әуе компаниялары да COVID-19-ға қарсы вакцинацияланған туристерді тасымалдауға дайын екендігі туралы хабарлады. АКШ ауруларды бақылау және алдын алу орталығы вакцинацияланған адамдарға ұшуға ресми түрде рұқсат берді.

Көптеген елдер, соның ішінде ЕО мемлекеттері COVID-19 қарсы вакцина алған туристерді қабылдауға дайын екендіктерін жеткізді. Демек, вакцинацияланған адамдар үшін ұшу кезінде тромбоз туындау қауіпі бар екендігі туралы хабарламалар фактілермен расталмаған қауесет. COVID-19 қарсы вакцина салдырған адамдар ұшақпен сапар жасауда және ұшу кезіндегі тромбоз немесе қан кетулер туралы хабарламалар түскен жоқ. Әуе компаниялары вакцинацияланған саяхатшыларды тасымалдауға дайын, ал көптеген елдер вакцинацияланған туристер үшін өз шекараларын ашатынын хабарлады.

Дереккөз: stopfake.kz



МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ӨЗГЕ ДІН ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Исламда өзге дін өкілдерімен жасалатын қарым-қатынастың қағида ттары шариғаттың негізгі қайнар көздері – Құран мен сүннетте бекітілген. Дәстүрлі дініміз кез келген дін өкіліне құрметпен қарауды, адамдарды нәсіліне, ұлтына, дініне байланысты бөлмеуді насихаттайды.



Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, VII ғасырдан бастап Ислам діні өзінің географиялық орналасу аймағына сәйкес, сол елді-мекен аумағында қоныстанған көрші иудейлермен, христиандармен, отқа табынушылармен және басқа да діни сенімдегі адамдармен бейбіт қарым-қатынас орнатқан.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) исламды қабылдаған мұсылмандармен бірге 622 жылы Мекке қаласынан Мәдина қаласына хижрет жасаған, яғни қоныс аударған болатын. Мәдина қаласына қоныстанған соң Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қаладағы өзге дін өкілдерімен «Мәдина» келісімшартын жасады.

Сонау VII ғасырда жасалған бұл келісімшарт – исламдағы төзімділік пен бейбітшілікті, исламның адам құқығына деген құрметі мен диалог мәдениетін, өзге дін өкілдеріне көзқарасын, сондай-ақ сенім бостандығы мен ар-ождан еркіндігін қамтыған алғашқы қағида ттар жинақталған құжат.

Өз заманында Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзге дін өкілдеріне мейірімділікпен, қамқорлықпен қарай отырып, олардың құқығын мұсылмандардың құқығымен тең дәрежеде ұстады. Ғибадатханаларын қиратпауды, діндарларды өлтірмеуді, оларға қол жұмсасауды, алым-салық алмауды, мал-мүлкіне қол сұқпауды өсиет еткен.

Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) тәлімін алған ізбасарлары да мұсылмандардың қоластына кірген елдерде осы ұстаныммен билік жүргізді. Сонымен қатар, «Кім адамды (мұсылмандармен бірге өмір сүретін өзге дін адамын) өлтірсе, ол жәннаттың иесін де иіскемейді. Әрине, жәннат иесі жетпіс жылдық қапықтықтан келіп тұрады» деп ескерткен. Осы хадиске назар аударсақ, дінімізде өзге дін өкілдеріне үлкен құрмет көрсететінін анық көруге болады.

Ислам кез келген дін өкіліне құрметпен қарайды. Ешкімді дініне, ұлтына, нәсіліне және жынысына немесе материалдық жағдайына қарап бөлмейді. Адамға рухани құндылығы тұрғысынан баға береді.

Жалпы ислам діні көркем мінез-құлықтан тұрады. Көркем мінездің де түрі өте көп. Олардың қатарына кешірімділік, жомарттылық, шыншылдық, аманатқа беріктік, қарапайымдылық, сыйпайлық, сабырлық, ұяттылық жатады. Күнделікті өмірде адамдардың арасында кездесетін барлық қарым-қатынас, іс-қимыл, әрекет, сауда-саттық кезінде жақсылық жасаудың кез келген жолы, тіпті адамға жылы шыраймен қараудың өзі көркем мінез саналады.

Өзінің шыншылдығымен, әділдігімен қара қылды қақ жарған тұлға Хаттабтың ұлы Омардың оқиғаларын мысалға келтіре кетсек:

Ислам діні жан-жаққа тарап, аумағы кеңейіп, көптеген жерлер ислам дінінің билігіне қараған болатын. Сол жылдары өзге ұлттар мен өзге дінді ұстанушылардың ешбіріне мұсылмандар тарапынан қысым жасалмай, тұрғындар еркін өмір сүрген еді.

Ислам діні христиандар көбірек шоғырланған Палестина аймағына да жетіп, сол жерде тарағаннан кейін, екінші халифа Омар 637 жылы оның тұрғындарымен бейбіт қарым-қатынасты сақтау мақсатында былайша келісім шарт жасайды:

«Бұл Алланың құлы, мұсылмандардың өміршісі Хаттабулы Омардың Илья халқына берген қауіпсіздік қағазы: «Олардың жандарына, малдарына, шіркеулеріне, кресттеріне, дені саулары мен сырқаттарына және қалған ұлтына амандық берілді. Шіркеулерін ешкім тұрғын үйге айналдырмайды, оларды ешкім бұзбайды, олардың ішкі және сыртқы қор мүліктерінен еш нәрсе кемітілмейді, олардың малдарына ешкім қол сұқпай-

ды. Мұндағылардың дініне зорлық жасалмайды», – деп Палестина халқының қауіпсіздігіне кепілдік берген болатын.

Сондай-ақ, бірде Омар халифа кезінде көшпенді қайыр сұрап отырған көрі кісіні көреді де, оған жақындап: «Сен қай дін иесісің?» – деп сұрайды. Сонда әлгі ақсақал: «Мен яһудимін», – деп жауап береді, сол кезде халифа Омар одан не себепті осылай отырғандығын сұрайды. «Себебі мен мұқтажбын, жұмысқа жармайтын көрі адаммын ғой», – деп жауап береді.

Сол кезде Омар оны мемлекет қазынасынан қажетін өтейтіндей керектің берді де, оның мойнынан өзге дін өкілдері мұсылман елінде тұрғаны үшін беретін салықты алып тастайды. Міне, бұл әділдіктің ең шыны!

Қазіргі уақытта басым бөлігін мұсылмандар қамтитын елдердегі христиан дін өкілдері ешбір қысым көрместен, мұсылмандармен бейбіт қарым-қатынаста араласып, ымыраластықта өмір сүруде. Жоғарыда келтірілген оқиғалар шынайы ислам діні өзге дін өкілдерімен қандай дәрежеде жақын болғандығын көрсетеді.

Ал өзін мұсылманмын деп есептейтін адамды бес уақыт намаз оқымағаны үшін ғана кәпір деп айыптап, мал-мүлкін өзіне адал қылған жат діни ағым ұстанушыларының әрекеті ислам дінімен еш байланыспайды. Адами құндылықтары жоғалған және өздерін ғана ақиқатты ұстанушылар ретінде есептейтін олар нағыз исламның өзге дін өкілі болса да адам өміріне құрметпен қарайтынын білмесі анық.

Сол себепті бір шаңырақ астында бейбітшілікте өмір сүру адамға берген ең үлкен құндылық деп қабылдау керек.

Баян АЯПОВА,
Алматы қаласы дін істері
жөніндегі басқармасының
жанындағы
«Кенес беру және оналту»
орталығының маманы

Мінез – кез келген адамның айнасы. Мінез туя біте қалыптасқанымен оны түзеуге болады. Дана халқымыз «Мінезсіз адам – жеміссіз ағаш» дейді. Бабаларымыздың жайлы мінезі жайлы адамды «жайдары, ашық, аққоңіл адам» деп айтқаны содан.

ИСЛАМ ЖӘНЕ КӨРКЕМ МІНЕЗ

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», – деп, мінездің елге қызмет етудегі маңызын ашып айтқан. Яғни халыққа жайлы, әділетсіздікке қатал мінез болғанда ғана халыққа қызмет етуге болады деген сөз.

Адам өзінің жағымсыз қылықтарын түзеп, жақсы мінезі арқылы ортасын қалыптастырады. Хәкім Абай: «Мен егер закон қуаты бар кісі болсам адам мінезін түзеп болмайды деген адамның тілін кесер едім» деп өзінің қара сөзінде бекер айтқан жоқ. Көркем мінезге жетудің бір жолы – адамның өз-өзін тәрбиелеп, мінезді дұрыстауы.

Бір ғана мысал, Абайдың заманында Алдонғар деген баукеспе ұры болыпты. Бір күні Абай: «Әй, Алдонғар, сенен бір нәрсе сұрайын, бересің бе?» – депті. Өзі бай, өзі сыйлы, ұлық адам, Құнанбайдың баласы сұрап тұрғасын: «Абай аға, сіз сұраған нәрсе менде болса беремін ғой. Бірақ мен сізге не бере аламын?» – деп қатты қиналыпты. Сонда Абай: «Сен маған ұрлығыңды бер», – депті. Көп ұзамай Абай Алдонғарды қасына көшіріп, ұрлығын тиып, тәрбиелеп, ел қатарына қосқан екен. Демек, кемелдікке ұмтылудың бір қыры адам мінезін жөндеу десек, артық айтқандық емес. Мінез жаратылыс болғанымен, тәрбиенің ықпалымен жөндеуге болатынын Абай атамыз «Күллі мақұлық өзгерер, Алла өзгермес» деп барлық жаратылысты өзгертуге болатынын бекер айтпаса керек. Дана ойшыл атамыз осылай деген болатын.

Ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да мінез жайлы баяндай келе: «Аспанда ұшып жүрген құс пен даланың тарпаң жылқысын қолға үйрету арқылы адамзат баласы қанша табысқа жетті. Осындай дала тағылары тәрбиеге көнгенде, адамның мінезі неге өзгермейді?» деп түйіндейді. Демек, адамның мінезін өзгертуге немесе жақсы дағдыларға бейімдеуге болады. Мәшһүр Жүсіп атамыз: «Ғылымның әуелгі мақсаты – Алланы тану. Одан кейін – пайдалы білім алу. Егер оқуың біліміңді мінезіңді түзетпесе, онда ол пайдасыз білім болғаны» деген.

Мінез жайлы Алла Тағала Құранның «Рағыз» сүресінің 11-аятында: «Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше Алла, оны өзгертпейді» деген. Бұл жерден де мінездің өзгеретінін, адам жақсы жағына бейімделуге болатынын байқаймыз.

Көркем мінез туралы ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Көркем мінезді адам ғабиттің (ғибадатшының) дәрежесімен тең» деген. Асыл дініміз ақида және амал, ахлақтан (мінез-құлық) тұрады десек, адамның мінезі жақсы болмаса, діннен тәрбие ала алмайды.

Дін мінезбен тарайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен

сәлемі болсын): «Алла Тағала мені көркем мінез-құлықты толықтыру үшін жіберді» деген. Бірде бір кісі Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Дін деген не?» деп сұрағанда, «көркем мінез» деп жауап қатқан. Демек, Ислам дегеніміз – ең көркем мінез.

Ислам ғұламалары еңбектерінде адамдармен жақсы мәміледе болу, кішілерге ақыл айту, дүние үшін ешкіммен жауласпау, өзгені ойлау, мұқтаж адамдарға көмектесу, мейірімді, қарапайым болу, ешкімді ренжітпеу секілді дұрыс дағдыларды жақсы мінез-құлық ретінде сипаттаған.

Жақсы мұсылманның белгісі – көркем мінез. Егер адам ешкімді тілімен де, ісімен де ренжітпей, тура жолмен жүрсе, ол – кемел мұсылманның белгісі.

Жақсы мінез қалыптастыру адамға оңайға түспейді.

Бірде бір сахаба Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Түгенше деген әйел күндіз ораза ұстайды, түнде намаз оқыды. Бірақ, оның мінез-құлқы жаман, көршілерін тілімен ренжітеді», – дейді. Сонда Алла елшісі: «Оның бұл істерінде қайыр жоқ. Ол әйел тозақ иелерінен», – деп жауап береді. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Қиямет күні маған ең жақын болатындарың – мінез-құлқы ең жақсыларың» деген болатын.

Бірде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: «Сендерден бәрінен артық кімді жақсы көретінімді және қиямет күні кім маған ең жақын тұратынын айтайын ба?» – деді. Ешкім үндемеді. Кейін Алла елшісі сұрағын тағы қайталады. Адамдар: «Иә, Алла елшісі», – деді. Сонда ол: «Ең жақсы мінез-құлыққа ие болғандарың», – деді. Міне, мінездің жайлы мұсылман үшін ең үлкен сый болатынын Алла елшісі хадистерінде осылай баяндаған болатын.

Дінімізде адамға жылы жүзбен күле қараудың өзі садақа саналады. Ал кісі көңілін қалдыру мұсылман үшін қасиетті Қағбаны жаққанмен бірдей делінеді. Кемелдіктің көсемі болған ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: «Адамдар мінез-құлқы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Кім көркем мінезімен Алла елшісіне жақындаса, ол Алла Тағалаға жақындайды», – деді. Асыл дініміз – көркем мінездің үлгісі. Ендеше, көркем мінез адамды екі дүниеде де бақытқа бастайтын тура жол екенін бағамдай білейік!

Ибраһим ҚАРНАҚБАЙҰЛЫ,
«Мұхаммади» мешітінің
бас имамы,

Өскемен қаласы
Дереккөз: muftyat.kz

СҰРАҚ-ЖАУАП

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖАЙЛЫ ШАРИҒАТ НЕ ДЕЙДІ?

Ислам дінінде әркім өз еңбегінің жемісін көруге құқылы. Жазушы жазған кітабының, өнертапқыш ойлап тапқан туындысының иесі атануы тиіс. Бұл олардың мүлкі болып есептеледі. Сондықтан ешкімге оны көшіруге, басып шығаруға және сатуға рұқсат берілмейді.

Мұсылман адам өзгенің мал-мүлкіне аманат ретінде қарайды. Өйткені Ислам дінінде біреудің сөзін, еңбегін немесе туындысын өзінікі секілді иемденуге және пайдалануға тыйым салынады. Ол аманатқа қиянат ету, шынайы иелерінің құқығына зұлымдық жасау, зарар беру болып есептеледі. Шариғат бойынша ондай адам жазаға тартылады, ал тапқан табысы харам саналады.

Алла Тағала: «Бір-біріңнің мал-мүлкін харам жолдармен жемендер», – деп бұйырады («Бақара» сүресі, 188-аят). Тағы бір аятта: «Уа, иман келтіргендер! Аллаға және пайғамбарға опасыздық жасамандар. Егер олай істесендер, араларыңдағы аманаттарыңа да біліп тұрып қиянат жасайтын боласыңдар», – деген («Әнфәл» сүресі, 27-аят).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ешкім ешқашан өз табысынан асқан қайырлы (халал, тазы, құлмен) ризық жеген емес. Алланың пайғамбары Дәуіт те өз көл еңбегінің жемісін жеген», – деп айтқан (Бұхари). Және бір хадисте: «Мұнапықтың белгісі үшеу: сөйлесе – жалған сөйлейді, уәде берсе – уәдесін бұзады, аманат тапсырылса – оған қиянат етеді», – делінген (Бұхари, Мүслим).

Абдул Фаттах Әбу Ғұдда өзінің «Қиматуз зман индәл уләмаи» атты кітабында: «Ғылыми сөйлем мен сөздерде оның айтушысына немесе жеткізушісіне сілтеме жасау – аманат», – деп жазады.

Ғалымдардың айтуынша, бұрынғы басшылар, әсіресе халифа Мәмүн кітап жазатын ғалымдарға және аудармашыларға еңбегі үшін сол кітаптың салмағындай алтын беретін болған. Сол ақы кітапқа жұмсалған қағаз бен сия және кітаптың бағасынан едәуір көп еді («Ғар ул-Мәъмүн», 1/377).

1988 жылдың 10-15 желтоқсанында (хижридің 1409 жылы, жұмадул әууәл айының 1-6 күндері) Кувейт мемлекетінде өткен Ислам Фикһ академиясының бесінші отырысындағы «Мүліктік емес құқықтар туралы» қарарында: «Мүшелер мен сарапшылардың «Мүліктік емес құқықтар» жайындағы ізденістерін қарап шығып, ол туралы пікірлерді тыңдап болған соң мынадай қарар қабылдайды: Үшінші тармақ: шығармашылық, жаңалық және өнертабыс құқығы заң жүзінде қорғалады. Иелері оны қалағанынша пайдаланады. Оған қол сұғу дұрыс емес. Алла – білуші» – деп баяндалған. Қазақстан Республикасы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңында бекітілгендей, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін еліміздің заңдарына сәйкес азаматтық, қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартылады. Мұсылман қауымы да осы заңға бағынуы міндетті.

АФФИРМАЦИЯ ЖАСАУ ДҰРЫС ПА?

Аффирмация латын тілінде «бекіту, растау» деген сөзге жаяды. Яғни психологиялық тұрғыдан: «Мен бақыттымын, мен баймын, менің жан-дүнием сау, (жоқ болса да) менің алып үйім бар» деген сияқты сөздерді күнделікті бірнеше рет қайталау арқылы өзін-өзі сендіру, иландыру, санасында сол ойды орындағандай етіп бекіту.

Аффирмацияны насихаттап жүрген өздерін психолог ретінде санайтындардың сөздеріне назар салсақ: «Аффирмация жұмыс жасау үшін оған толықтай 100% пайыз сену керек. Әр арман-мақсатың орындағандай нақты сеніммен айтылуы шарт. Соған толықтай нанып, көп қайталаудың нәтижесінде ғана ол жұмыс жасайды» [1] – деп үйретеді. Сонымен қатар, «Дінде жақсылық тілеу бар, жақсылықтардың барлығын бір Алла беретініне сенеміз» дегендей шариғатпен байланыстырғылары да келеді.

Аффирмацияға 100% пайыз иланып, көп қайталаумен тілегі қабыл болады, оны дұрыс жасамасаң жұмыс жасамайды, тілектің

орындалуын аффирмациямен іске асты деу шариғаттың негіздеріне сай келмейді. Себебі Алланың қалауынсыз ешнәрсе жүзеге аспайды. Әрине себепті ұстанбау ақымақтық, бірақ сол себептің өзі бір нәрсені болдырады деп сену күпірлік. Сондықтан, әрбір ісімде әуелі Аллаға сүйенуіміз керек. Құранда Алла Тағала:

نیل قوتساجل ابیحی قللا ان اللالی و لعل ع لکوتسج تنزج اذاف

«Қандайда бір іске бел бусаң, Аллаға сүйен! (тәубе ет!). Алла сөзісі өзіне сүйенгендері жақсы көреді» [2].

Басқа бір аятта:

نی غشسین لکای او ینبغین لکایا

«Саған ғана құлшылық етеміз және Сенен ғана жәрдем тілейміз» [3] – деп бір Өзінен ғана тілеуімізге шақырған.

Әнас ибн Малик (р.а) жеткізген хадисте, пайғамбармыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын):

عقلون اذی طوع غشش قلالمی ویتع متجاج قشیر قلفح الامن یول

«Сендердің бірлерің қажеттерің Раббысынан сұрасын, тіпті, үзіліп қалса, аяқ киімінің бауында Одан сұрасын» [4] деп, базарда толып тұрған баудың өзін Алладан ғана сұрауға шақырған. Олай болса, неліктен шариғатымызда негізі жоқ, кеше ғана пайда болған тұжырымдарды қолданбақпыз?!

Құдсін хадисте Алла Тағала:

یوطع عاف یزللمی یذلا اذ نم

«Кім менен сұраса, оған беремін...» [5] – деген.

Ендеше, не сұрасақ та, не қажет болса да, бір Алладан ғана сұрап, екі бүйірімізді шығарайық. Алла баршамыздың тілеуімізді берсін! Әмин.

[1] «Жұмыс жасайды» деген сөзді, психологтар міндетті түрде орында- лады деген мағынада қолданады.

[2] «Әли Имран» сүресі, 159-аят.

[3] «Фатиха» сүресі, 5-аят.

[4] Табарани, 5/373.

[5] Бұхари №1145, Мүслим №758.

DÜISENBI

7 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Másele». 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын».

SEISENBI

8 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын».

SÁRSENBI

9 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын».

BEISENBI

10 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын».

JUMA

11 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын».

SENBİ

12 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:35 «Асарлар үні».

JEKSENBI

13 MAÏSYM

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:35 «Толғаң».

6:00 «Бауыржан шоу». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

13:15 «Шауш». 13:15 «Рауза». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына».

12:15 «Шауш». 13:15 «Рауза». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына».

казына». 17:00 «Отчаянные». 18:00 Мегихит. «Особо тяжкие преступления».

6:00 «Бауыржан шоу». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

6:00 «Әпше». Роза Әлжама мен Әбдіжәппар Олжақа.

6:00 «Табигаттам - махаббатым». Ұлықши Жолдасов.

6:00 Қаламгер. 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр».

«Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

3:50 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

16:00 «Мам-детектив». 17:00 «Домик на счастье».

14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгілісі сезім».

14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгілісі сезім».

14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгілісі сезім».

14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгілісі сезім».

11:10 «Регина+1». 12:10 «Орел и решка».

11:10 «Регина+1». 12:10 «Орел и решка».

11:10 «Регина+1». 12:10 «Орел и решка».

COVID-19 АУРУДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Коронавирус COVID-19 — SARS-CoV-2 (2019-nCoV) вирусымен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция.

Коронавирустық инфекция жұғу жолдары: ауа тамшылары арқылы; жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескен кезде екі адамның аралығы жақын болса;

Коронавирустық инфекцияның ең көп кездесетін белгілері – дене қызуының көтерілуі (38 °C дейін) және құрғақ жөтел.

Аурудың негізгі емі табылмай тұрғаны өкінішті. Соның салдарынан қаншама адам өлімге душар болды.

Қаламқас БӘКІР, «Жезденасулы» ЖШС фельдшері



QAZVAC клиникалық зерттеулердің соңғы үшінші кезеңінен өтіп жатыр.

QAZVAC-тан кейін вирусты БЕЙТАРАПТАНДЫРАТЫН АНТИДЕНЕЛЕР ПАЙДА БОЛАДЫ.

Қазақстанда вакцинация толығырақ әрі мұқият тексеру үшін клиникалық зерттеудің үшінші кезеңінің жартысы да қосылды.

ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ әкімшілігі Жезказған қаласының, Қостанкелды, Бекболатсай, Талап елді-мекендерінің тұрғындарына, сонымен қатар өнеркәсіптік кәсіпорындары мен мекемелердің басшыларына, жеке кәсіпкерлерге 2021 жылғы 9 маусым 14:00 сағаттан бастап 10 маусым 12:00 сағатқа дейін шаруашылық ауызсу құбырлары жүйелерінің хлорлауы жүргізілетін туралы хабарлайды.

Қала және елді-мекен тұрғындарын, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын қазіретті су қорын жинап алударын сұраймыз.

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

Администрация АО «Предприятие Тепловодоснабжения» доводит до сведения жителей г. Жезказгана, поселков Костанкелды, Бекболатсай, Талап, а также руководителей промышленных предприятий и организаций, частных предпринимателей о том, что с 14:00 часов 9 июня 2021 года до 12:00 часов 10 июня 2021 года будет проводиться хлорирование сетей хозяйственного водопровода.

Жителі елді-мекен және поселков, руководителей предприятий и организаций просим сделать необходимый запас воды.

Bank advertisement for BSN 050340007333, JSC KZ09856000005225027, BSK KSJBKZKX «Bank CenterCredit» AK, «Saryarka gazeti redakciyası» JSC. Includes contact info and branch details.



«БОЛАШАҚ – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚТА»



атты үздіктер шеруі өтті

(Соңы. Басы 1-бетте).

Салтанатты марапаттау рәсімін мысты өлкенің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан еңбек ардагерлері, қоғам белсенділері мен қалалық мәслихаттың депутаттары, қаламы қарымды қаламгерлер жүргізді. Олар тапсырған Әлихан Бөкейхан атындағы шәкіртақыны Айдана Ыбыкен мен Жанна Желібаева, Әлімхан Ермеков атындағы шәкіртақыны Сара Алақасва мен Жанасая Омарғали, Жақып Ақбаев атындағы шәкіртақыны Айдана Қарымжан, Нұркен Әбдіров атындағы шәкіртақыны Абзал Егінбаев, Баубек Бұлқышев атындағы шәкіртақыны Арай Мыңбаева, Қабден Шыңғысов атындағы шәкіртақыны Назым Қасымова иеленсе, Шабал Бейсембекова атындағы шәкіртақы Әлібек Сембетовке, Сәбит Қоңтаев атындағы шәкіртақы Әмина Жанайдароваға, Зекен Рахимов атындағы шәкіртақы Аймира Саятқа, Сүтмен Бүкіров атындағы шәкіртақы Адель Садвоқасоваға, Қамар Жанасылова атындағы шәкіртақы Айбек Әбсадық пен Маулида Жошпа атындағы шәкіртақы Томирис Нұрқеноваға, Нәпса Шенеуова атындағы шәкіртақы Ұлжан Зейдінге, Жанұзақ Кәукербеков атындағы шәкіртақы Асылайым Тілеукабылға, Хакима Жомартбаева атындағы шәкіртақы Нарғыз Көменге, Шабат Қошан атындағы шәкіртақы Әдемі Хасенге, Майя Дакаримова атындағы шәкіртақы Мақсат Дүкенбайға, Биби-

гүл Әбдірахманова атындағы шәкіртақы Айбота Қызылбайға, Светлана Жумкина атындағы шәкіртақы Айжан Нуркинаға бұйырды.

Марапат кешінде ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен тұлғалардың есімін ардақтап, олардың өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа үлгі ету парыз екенін тілге тиек еткен Бекзат Алтынбеков:

– Өскелең ұрпақ жеке қабілеті мен біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, Сіздердің қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымдарыңызға, ертеңгі күнге деген сенім мен белсенділіктеріңізге тікелей байланысты. Сіздер дүниетанымы толық қалыптасқан, мәдениеті жоғары, ұлттық құндылықтарды дәріптеген, жаңа заманға жаңа көзқараспен қарайтын, еліміздің жанұя үдерістеріне белсене қатысып, ел болашағы жолында аянбай еңбек ететін жалынды жас болып ержетулеріңіз керек. Ол үшін әрине білім қажет. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұзылғын болмайды» демекші, ұлттық келешегі кейінгі ұрпақ, Сіздердің қолдарыңызда, – деп үздіктерге ағалық тілегін білдіріп, оларды ел сенімі мен үмітін ақтауға үндеді.

Дарынды шәкірттерге ақ жол тілегендердің қатарында ұйымдастырушы меценаттың ұстазы Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі Жанұзақ Хасенқызы, Қарағанды политех-



никалық колледждің директоры Жанар Рахимовалар болды. Олар жастарға қамқорлық танытудың озық үлгісін көрсеткен Бекзат Қоғамұлының бастамасы өзге өңірлерде де қолдау тапса деген тілегін білдірді.

«Болашақ – бақытты ұрпақ» атты үздіктер шеруінің басты кейіпкері болғандардың арасында жезказғандық Ұлжан Зейдін, Нарғыз Көмен мен Әдемі Хасен бар.

Диана ОРАЗАЛПИНА

БАЙҚАУ



Кәсібіне шын берілген, өз жұмысын шексіз сүйетін ұстаздың баласы оқу да озық, тәрбиелі әрі талапты болуы шарт. Жалпы еліміз бойынша білім жүйесі әйел ұстаздар еңбегі арқасынд дамып жатқаны жасырын емес. Қаламыздағы мектептердің басым бөлігінде нәзікжанды ұстаздар еңбек етеді. Жезказған қаласының білім қызметкерлерінің кәсіподағы қалалық білім бөлімімен бірлесіп отырып «Менің анам – ұстаз» тақырыбында эссе байқауын өткізді.

– Ұстаздың алдын көрмеген, тәлімін алмаған жан жоқ. Қай мамандықтың тізгінін ұстасаңыз да, сізді ұстаз оқытып шығарды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден ра-пар. Балалар, сіздер тек ата-аналарыңыз, ұстаздарыңыз үшін ғана емес, баршамыз үшін қымбатсыздар. Ұстаздың баласының мойнына артылар жауапкершілік те мол. Сіздердің бүгінгі эссе байқауына белсене қатысқандарыңыз көңілімізді жадыратты. Сіздер өз эсселеріңіз арқылы аналарыңыздың мамандығына деген құрметтеріңізді көрсеттіңіздер, – деген кәсіподақ басшысы Лоззат Күнеділова барша оқушыларға алғысын айтты.

Ұстаз анасының мамандығын дәріптеп, еңбегін, ұлағатты өмір жолын суреттеуді мақсат тұтқан байқауға мысты шаһардағы

«МЕНИҢ АНАМ – ҰСТАЗ»

атты эссе байқауы қорытындыланды

Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы мектептің жанына балаған ұстаз мамандығы кім-кімнің болмасын жүзк түпкірінен ойып орын алағы ақшақат. Күн-түн демей шәкірттің қамын жеп, мектептің оқу-тәрбие үдерісінің бел ортасында жүретін олар өз кәсіптерін басты орынға қоюы. Өзгенің баласын өз перзентімен қатар қойып, мейірім таныту – екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік.



70 баладан эссе материалдары қабылданды. 1 маусым – балаларды қорғау күні Лоззат Күнеділова мен Жезказған қалалық білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гауһар Жақыпбекова барлық бала-

ларды балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының жазғы алаңына жігіп, Алғыз хаттар мен және 500-ге тарта тәтті сыйлықтармен марапатталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА – ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Жезказған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі асфальтта сурет салу байқауын ұйымдастырды. «Балалық бақытты шақ!» тақырыбында өткен конкурста мүмкіндігі шектеулі 15 бала қатысты.



Қазіргі таңда Жезказған қаласында 18 жасқа дейінгі 335 мүгедек бала бар. Мүгедек балалар мен жүйке-психиатриялық аурулары бар 18 жасқа дейінгі балаларға арналып, аниматорлардың қатысуымен қайырымдылық түскі ас өткізілді. Әлеуметтік қызметкерлердің, тәртіп сакшылары мен медициналық қызметкердің сүйемелдеуімен 15 бала Жезді кентінде орналасқан тау-кен және балқыту тарихы мұражайына саяхаттады.

Бейбіт аспан астында, ата-анасының қасында ғұмыр кешкенін бақыт санайтын балалар байқауда соны суреттеп берді. Асфальтта сурет салуға зор ынта, асқан жауапкершілікпен келген жас суретшілердің еңбегі елеусіз қалмады. Олардың барлығы «Аққу-Тойбастар» дүкені ұсынған естелік сыйлықтардың иесі атанды. Физикалық мүмкіндігіне байланысты іс-шараларға қатыспаған 18 жасқа дейінгі өзге балаларға демеушілер «Тулеуов» ЖК, «Сәлем- Ломбард», «Рақымбек» ЖК, ет, «Караван», «Сина», «Тауғұл», «Мұхит», «Фирдаус» дүкендері мен нотариус Г.Аманованың атынан тәтті сыйлықтар үлестірілді.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды қоғамға бейімдеп, әлеуметтік ортаға тарту бағытында жасалып жатқан игі істердің басы-қасынан татылған Жезказған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі демеушілік көмегін аямайтын жанапшырларға алғысын жеткізеді.

Бота ШАЛҚАР

Адам өмірінің ең басты мәні – бала десек, ұлың ізгі арманына, қызың қызғалдағына балаған қазақ халқы ұрпағымен мақтанып, бала-шағасымен мың жасаған. Қай кезде де баласын, оның денсаулығын, болашағын басты орынға қойған.

ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ



Әлем жұрты жаздың алғашқы күнін айрықша қарсы алады. Себебі бұл күн – Халықаралық балаларды қорғау күні. Халықаралық балаларды қорғау күні алғаш рет 1950 жылы кең көлемде атап өтілген екен. Мереке қарсаңында малшыбайлық балалар да зор қуанышқа кенелді.

Жомарт жүрек ауыл азаматтарының демеушілігімен ұйымдастырылған «Бала –

басты байлығымыз» атты шарада №15 Малшыбай орта мектебінің 100 оқушысына балмұздақтар, тәтті толтырылған сыйлықтар берілді. Әр түрлі ертегілік кейіпкерлер мен клоундар қызықты қойлымдарын ұсынып, кішкентай көрермендерін күлкіге қарқ қылды. Шара одан әрі оқушылардың ән-биімен жалғасты.

Ай СҮГІП

АЙШЫҚ

ШАТТЫҚ СЫЙЛАДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күні бүкіл әлемде 1950 жылдан бері аталып келеді.

Бұл күн балаларды шаттыққа бөліп, жүзін күлкіге толтыруды ғана мақсат тұтпайды. Балаларды қорғау күні мерекесінің түпкі міндеті ең алдымен ересектерге балалардың өмір сүру құқықтарын сақтау қажеттілігін ескертеді, олардың бақытты балалық шағым қамтамасыз етуі, білім нәрімен сусындатып, сүйікті ісімен айналысуына барынша жағдай жасап, өз елінің лайықты азаматы ретінде тәрбиелеу керектігінде жатыр.

Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінде балаларға арналған түрлі іс-шаралар өтті. Атап айтқанда, концерттік бағдарлама, үстел ойындары, асфальтта сурет салу конкурстары ұйымдастырылды.

Бүлдіршіндер тәтті балмұздақсыз да қалмады. Халықаралық мерекені құттықтауға арнайы жеткен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ директорының бөлшек бизнес жөніндегі орынбасары Рус-

лан Нұрахметов банк ұжымы ұсынған тәттілерді таратты. Мерекелік іс-шараны өз құттықтауымен ашқан мектеп директоры Бекзат Құлбаева демеушілерге алғысын білдіріп, ел болашағы саналатын бүгінгі ұрпақты қуантуға бағытталған оң бастамаларына сәттілік тіледі.

Жанар ТЕҢІЕСБАЕВА, №5 орта мектептің әлеуметтік педагогі



Жезказған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің «Парасат жолы» орталығында №2 үлгілі кітапхана-филиалы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты онлайн кездесу өтті.

ТАРИХТАН – ТАҒЫЛЫМ

Шараға кітапхана оқырмандары мен қызметкерлері және Ө.Байқоңыров атындағы Жезказған университетінің профессоры, т.ғ.к Тұрғанбек Алланиязов қатысты. Ғалым қуғын-сүргін және аштық тақырыбына 30 жылдай зерттеу жүргізген.

Қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны біздің республика халқының саны жағынан аздағы үшін демографиялық және зияткерлік әлеуетте орны толмас зиян келтіргендігі жөнінде

кеңінен тоқталған кітапханашы тарихи тақырып жайында толығырақ мағлұмат берді.

Кездесуде Кенгір көтерілісіне де тереңірек тоқталған Тұрғанбек Алланиязов тарихшы ғалымдар алдында зерттелуі тиіс мәселелер әлі де көп екенін жеткізді.

Ақнұр ҚЫДЫРМАНОВА, №2 үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі

Тәуелсіздік жойнамасы



2010 жыл

• Мамыр айында «Ақ сауыт» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі құрылды.

• Жезказған қаласының әкімі Б.Әбдіғалиұлының 10 қыркүйектегі Жезказған қаласының бұйырымымен кейбір көше атауларын қайта атау туралы №20/01, 14 қыркүйектегі Жезказған қалалық мәслихатының №26/313 бірлескен қаулы және шешімімен Сәкен Сейфуллин бульвары «Ғарышкерлер» бульвары болып, Жастар көшесі Желтоқсан көшесі, Некрасов көшесінің Қасым Аманжолов көшесі қиылысынан бастап, Алашахан даңғылына дейінгі бөлігі Сәкен Сейфуллин көшесі болып қайта аталды.

• Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, еңбек ардагері, 1973-1986 жылдары Қазақстан коммунистік партиясы Жезказған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған, ел ағасы Ошақбай Асылбековтың құрметіне берілген көшеге ескерткіш тақта орнатылды.

• Ұлт мақтанышына айналған академик Төрегелді Шармановтың 80 жылдық мерейтойы Ұлытау-Жезказған өңірінде салтанатпен атап өтілді.

• Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезказған аймағы бойынша өкілдігінің қолдауымен қалалық көпсалалы аурухана жанынан Жезказған медициналық колледжінің оқу орталығы ашылды.

• С.Қоғамқұлов атындағы қазақ-музыкалық драма театрында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына арналған аймақтық ХХ «Ұлытау үні» фестивалінің ашылу салтанаты өтті.

• Өлкетанушы С.Бүкіровтің «Жарқын жылдар жаңғырығы» кітабының тұсаукесері өтті.

• Өңірдегі өнер өрендерін баулып шығаратын алтын ұяға айналған Жезказған музыкалық колледжінің құрылғанына 30 жыл толды.

• Париж қаласында өткен халықаралық «Юность планеты» конкурсында Жезказған қалалық өнер мектебінің «Дала гүлдері» хореографиялық би ансамбльдері қатысып, жүлделі екінші орында иеленіп қайтты.

2011 жыл

• 28 сәуірде қоғам және мемлекет қайраткері, журналистика саласының майталманы, публицист Камал Смайылов атындағы көшеге пилон орнатылды.

• Мамырда «Баян» ЖШС «Табиғи шырынды құю желісі» жобасы іске асырылып, тәулігіне 2-3 тоннаға дейін табиғи шырын өндіру цехы салтанатты түрде ашылды.

• 7 мамырда «Даңқ» аллеясында түрлі аумақтық ұрыстарға қатысқан интернационалистік-жауынгерлердің құрметіне арнайы тас тұғырға жауынгерлік ескери техника ескерткіші қойылды.

• 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні Кенгір жағасында қаралы күндердің өшпес белгісі ретінде жаңа ескерткіш орнатылды.

• Шілдеде Абай көшесі мен Алашахан даңғылын жалғастыратын айналыма жолда «Шанырақ» стелласы ашылды. Қазақ елінде тұратын ұлттардың татулығы мен ынтымағын көрсететін стелланың авторы – мүсінші Шахибадин Сейткенов.

• Шілдеде Кенгір өзенінің бойында бағандарды мақсатында қаламыздың атпанышы ақшам ауданындағы соңғы аялдама маңынан «Достар сұхбат жайы» деп аталатын демалыс орыны пайдалануға берілді.

• «Нұрлы-Ана» қоғамдық бірлестігі құрылды. Жетекшісі болып «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысова тағайындалды.

• «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды.

• Мыс алыбы Жезказған мыс қорыту зауытының 40 жылдық торқалы тойы дүбірлі думанмен атап өтілді.

• «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының ғимаратында «Жезказған қаласы жастар бастамалары орталығының» тұсаукесері болды.

• С.Қоғамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында Жезказған қаласының, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Жезказған өңіріндегі әлеуметтік саланың дамуында өзіндік қолтаңба қалдырған Сағындық Қожақсейітовтің 70 жасқа толуына арналған «Туған жерім – тегім менің» атты кеш өтті.

• С.Қоғамқұлов атындағы драма театрда ҚР-ның Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамеддиннің орындауындағы халық арасында сирек орындалатын 12 ән кірген, «Жезкіңі» ұнтақпасы жарыққа шығып, тұсаукесер концерті өтті.

• «Нұр Отан» ХДП ғимаратында дәстүрлі «Х Бүкіров оқулары» аясында өлкетанушы С.Бүкіровтің туғанына 90 жыл толуына арналған «Тұғырлы тәуелсіздік – ғұмырлы ұрпақ келіп» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

• Қаламыздағы №8 гимназия ұжымы дарындыларды қолдау мақсатында ҚР Білім беру ісінің үздігі, Жезказған қаласының Құрметті азаматы Нәпса Шенеуова атындағы арнайы жүлде тағайындалды.

• Сәкен Сейфуллин мен Қасым Аманжолов көшелерінің қиылысында ақиық ақын, қазақ поэзиясының классигі Қасым Аманжоловтың бюсті салтанатты жағдайда ашылды.

• Қада өкілдігінің 2011 жылға арналған қаланың дамуында 20 бағдарламасы негізінде қосалалы ауруханға қарсы Кенгір су қоймасы жағалауынан «Аштық көпірі» деп аталатын демалыс орыны пайдалануға берілді.

• «Мақпал» би ансамблінің жұлдыздары Голландиядан бас жүлдемен оралды. Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы негізінде 240 балаға арналған «Балбөбек» балабақшасы ашылды.

• Ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының, КСРО Журналистер одағының мүшесі, марқұм Сайлаухан Нәженов тұрған Алашахан даңғылы бойындағы үйге ескерткіш тақта орнатылды.

• Қаланың көркіне көрік қосқан, төрт бағытта уақыт көрсететін гранит таста соғылған, биіктігі 8,5 метрлі құрайтын көше сағаты М.Жәлел көшесі бойында тұғырына қонып, Алматыдан әкелінген ат мүсіндерінің ашылу салтанаты болды.

• Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен тұрғындарға 18 сала бойынша қызмет көрсететін мемлекеттік емхана ел игілігіне берілді.

• Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, әнші-сазгер Жаксылдиді Сейіловтің өмірінің соңғы жылдарында тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды.

• «Сарыарқа» киносәтіндерінің алдына қазақтың атақты ақыны, жанын жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері С.Сейфуллинге материалды таза қолдан құйылған, тұғыры мрамордан жасалған биіктігі 7,5 метр, ені 4 метрді құрайтын еселі ақын ескерткіші орнатылды.

Жезказған қаласының мемлекеттік архиві